



# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан  
бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 7 МАМЫР, 2024 ЖЫЛ №50 (23 372)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

## Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран!



### Жеңіске жеткізгендер ардақталды

#### Құрметті ардагерлер мен тыл еңбеккерлері!

Сіздерді Ұлы Жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жыл сайын осы мереке қарсаңында біз бейбітшілік пен мамыражай өмірімізді қорғап қалған аталарымыз бен әкелерімізді еске алып, бүгінде көзі тірі ардагерлерімізге соғыс жылдарында танытқан батырлықтары мен табандылықтары үшін құрметімізді көрсетіп, алғыс білдіреміз. Сіздер 1418 күн мен түнге созылған қаңқуілы соғыста Отанымызды жасаудан қорғап өткен батыр ұрпақсыздар. Бұл күн – сіздерге деген ыстық ілтипатымыз бен құрметіміздің көрінісі. Сіздердің ерлік істеріңіз бен Отан қорғауда танытқан қажыр-қайраттарыңыз біздің және болашақ ұрпақтың жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

Бүгінде Жеңіс күні жастар арасында әскери-патриоттық жұмыс жүргізуге негіз болатын маңызды күндеріңіз бірі болып табылады. Біз майдан даласы мен тылдағы жанқиярлық еңбекпен Жеңісті жақындата түскен батырлар мен тыл еңбеккерлеріңіз еңбектеріңіз жас ұрпаққа барынша насихаттап жатырмыз. Бұл келешекте біздің аспанымыздың ашық, өміріміздің бейбіт болуының негізі. Бүгінгі таңда біздің басты міндетіміз – бейбітшілікті сақтап отырып, Тәуелсіздігімізді нығайтып, тұрақты дамуды қамтамасыз ету.

Қадірлі ардагерлер мен тыл еңбеккерлері, Ұлы Жеңіс күніне орай сіздерге алғыс айта, барлықтарыңызға зор денсаулық, шаңырақтарыңызға бақ-береке тілейміз. Жеңіс күні құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,  
Қарағанды облысының әкімі  
Нұркен КОБЖАНОВ,  
Қарағанды облыстық  
мәслихатының төрағасы

Биыл – екінші Дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 79 жыл. Қазақстаннан, оның ішінде Қарағандыдан сан мыңдаған адам соғысқа аттанып, көбісі ерлікпен қаза тапты. Бүгінде облыста санаулы ғана соғыс ардагері бар. Мереке қарсаңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ел азаматтарымен бірге Қарағандыдағы «Ариста» салтанат сарайында соғыс және тыл ардагерлерін құттықтады. Ал, қонақтарды Талғат Бигельдинов атындағы Қарағанды республикалық әскери мектептің тәрбиеленушілері қарсы алды.



Салтанат ІПНЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шара басында қатарымызда жоқ ардагерлерді бір минут үнсіздікпен еске алып, бабалар рухына тағзым етілді.

Алдымен сөз алған аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Жеңістің 79 жылдығымен құттықтап, жерлестеріміздің жанкешті ерліктері ұрпақтан-ұрпаққа өшпес өнеге болып қала беретінін жеткізді.

– Бұл – қан майданда парыз бен намысты жоғары қойған, елі мен жерінің бостандығы үшін жан аямай, жауға төтеп берген, табанды да қайсар мінезді

жауынгерлер ерлігінің, биік рухының мерекесі. Сіздер бейбіт өмір үшін, ұрпақтың бақытты болашағы үшін отқа түстіңіздер, адам төзбес ауырталық көрдіңіздер. Бірақ, Сіздер бәрін де жеңдіңіздер. Ел намысын қорғаған, қан майданнан оралмаған батыр жерлестеріміздің рухына тағзым етеміз, олардың есімдерін әрдайым жүрегімізде сақтаймыз. Осынау айтулы мерекеде Сіздерге және жақындарыңызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт пен шаттық тілейміз, – деді Ермағанбет Қабулауалы.

Шараға 102 жастағы соғыс ардагері Сұнғат Саттығұлов қатысты. Ол 1941

жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылып, 1942 жылы «Сталинград шайқасына» қатысқан.

– Құрметті менің қарағандылық жерлестерім! Еліміз соғыстан кейін де қиын кезеңді бастан өткерді. Қара алтын өндірген Қарағандының жұмысшы табы Қазақстанның абыройын асқақтатты. Сол абырой биігінен түспендер! Сіздерге бейбіт күн мен ашық аспан тілеймін. Кейінгі ұрпақ соғыстың не екенін білмесін! – деді Сұнғат Смағұлұлы.

Ал, 89 жастағы тыл ардагері Гайникамал Ибраева соғыс басталғанда небары бес жаста болған. Алты жасынан еңбекке араласқан ардагер қиын кезең-

дерді басынан өткергенін еске алады.

– Соғысқа кеткен әкелеріміздің, ағаларымыздың орнын біздер бастық. Баламыз деген жоқпыз, үлкендермен қатар жұмыс істедік. Сол кезде үлкен көкөніс базасы бар-тын. Көкөністі тазалап, көлікке тиіп, майданға жібереміз. Қиын болғаны сондай, тазаланған көкөністі салып таситын ыдыс та болған жоқ. Көйлегіміздің етегіне салып, көлікке дейін апаратынбыз. Бір минутқа да тоқтап қалуға болмайды. Ал, жеті жасқа толғанда, таңғы сегізден түске дейін сабақ оқып, түстен түнгі он екіге дейін жұмыс істедік, – деді Гайникамал Байзыққанқызы.

Гайникамал Ибраева 1945 жылы соғыс аяқталған соң «Бәрі де майдан үшін!» деп, еңбек еткен балаларды жинап, алғыс айтқанын есіне алады.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралды Төреғожин да қонақтарды құттықтап, мықты денсаулық тіледі.

– Сіздер – ерекше шындалған адамсыздар. Сұрапыл соғысты өткізіп, одан кейін халық шаруашылығын қалпына келтірдіңіздер. Өздеріңізге деген құрмет те ерекше. Қадірлі ардагерлер, әулеттеріңізге бақ-береке, ырыс кетпесін! – деді Оралды Тұрсынұлы.

Шара соңында №58 жалпы орта білім беру мектебі кадет сыныбының оқушылары соғыс және тыл ардагерлері алдында әскери ілілік бен қатал тәртіпте тәрбиеленген, елінің болашақ қорғаушылары мен патриоттары ретінде ант береді.

Бүгінде облыста Ұлы Отан соғысының 11 ардагері тұрады. Олар – Николай Рассказимов, Иван Скрипников, Григорий Степенко, Виктор Шелудяков, Мария Шинкевич, Александр Балабас, Сұнғат Саттығұлов, Николай Куриленко, Өтегібай Орымбаев, Вера Шаповалова, Анна Котова.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІГАЛЫМ

#### ЖАҢҒЫРЫҚ

## Елдік тұғыры, Ерлік рухы аласармайды

«Туған жердің аумақтық тұтастығын сақтау – қастерлі борыш. Батыр бабаларымыз гасырлар бойы жерінің шетін жауға бастырмай, бізге мирас етті. Осы ұлы мұраны көздің қарашығындай сақтау – басты міндетіміз. Біртұтас әрі қуатты мемлекетті ұрпаққа табыстау – негізгі мақсатымыз», – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

#### Қыран құзарындағы қасиет

Атамекенді риясыз сүю – жүректің ісі. «Елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз!» деген Қазыбек бидің шок шайнап, от бүріккен сөзі өзін қазақтың деген әркімнің санасында сайрап тұр.

...Жақында шетелдік бір ауқатты кәсіпкер ұлан даламыздың бір қыранын сатып алып, өз елінде мөпелеп ұстапты. Арада біраз уақыт өткен соң әлгі алтын тұғырдағы биіктік сақшысы ізім-ғайым жоқ болған. Сәл кейінірек мойынындағы GPS анықтағышы «сатып алынған» мұзбалақтың өзінің туған бөктеріне, яғни, қазақ жеріне қайтып оралғанын хабарлайды. Шіркін-ай, дейсіз осындайда.

Құс екеш құстың өзі отанның сатылмайтынын қанатының қайратымен дәлелдеп берді.

Данқты тарихын ат тұяғымен шиырлап жазған баһадүр бабалар кең байтақ жерін жауға бастырмады. Арғы-бергі замана бедерінде алапат соғыста шөкімдей жері мен бір уыс топырағын дұшпан еншісіне өткермеген қаһармандардың із-басарымыз біз! Қазірдің өзінде де елдің күшті құрылым атаулысы Қазақстанның қауіпсіздігін қас қақпай, кірпік ілмей күзетіп тұр.

Мемлекет – бейбіт жолдың жаршысы. Алайда, қорғаныс саласына көрсетілетін қолдау жылыма жыл дәйекті түрде кеңейіп келеді. Тастақты жерге тазы ертпей, бүргенді жерге бүркіт салмаған халқымыз қырандай қырағылығынан бір мезет айнаымасын, жауынгерлік рухын жоғалтпасын дейміз!

#### Арыстан ажал қашады

– Ұлттық бірегейлігімізді нығайтумен қатар, ел қорғаған ерлердің есімін жадымызда жаңғырту да маңызды. Қазір көптеген мемлекетте өткен күннің елеулі оқиғаларына қатысты көзқарастар ақпараттық және саяси ойынның құралына айналып барады. Екінші дүниежүзілік соғыс ескі шежіреге айналған сайын тарихи және әскери тақырыптағы алып-қашпа аңыз әңгімелер көбейе түсті. Қазақстан әрқашан тарихи шындықтың және адамзат жылынамасындағы ең қанды қасап туралы шынайы көзқарастың сақталғанын қалайды. Келесі жылы әлемде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы кеңінен атап өтіледі, – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Соңғы жылдары мемлекеттік органдар да, жекелеген тәуелсіз зерттеушілер де төл тарихымыздағы ақтаңдақтар атаулысын мейілінше азайтып, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Бұл үдеріс жылынамалық жазбалардағы ондаған олқылықты

анықтап, түзетуге ғана емес, өткенге объективті көзқарас қалыптастыруға да бағытталған. Бұл жұмыстың негізгі құралдарының бірі – мұрағат материалдарын мұқият зерттеу, зерделеу. Мұрағатта өткен оқиғаларды толық және дәл қалпына келтіруге мүмкіндік беретін бай тарихи мұра бары, тек оған тегіміз, соңына түсерлік іс-қимылы бастау алғаны көңілге көрік қосып тұр. Яғни, кеңейтілген зерттеу тарихи фактілерді анықтауға, көзқарас жаңалауға, әрмен қарай өткен күннің толыққанды бейнесін ұсынуға мүмкіндік береді. Иә, ел үшін от кешіп, оқ кешіп, «етігімен су кешкен» есіл ердің есімі өшпек емес. Мұндай қаһармандарымыз ел үшін, атамекен жер үшін көз жұмды деген аты ғана. Олар не кітапқа айналып, не мұраға айналып, рух қалпында қайта түледі!

#### Ақсөңке сүйек сөйлейді

Жнырма миллионнан астам кеңес әскерінің өмірін жалмаған II Дүниежүзілік соғыстағы жеңіс қаншаласа да құрбанды құрбақдай жұтып, құрдымға ытқытты.

► 4-бет





• ҚҰРМЕТ

# Көзсіз ерлікке – Мемлекеттік марапат

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Костенко атындағы шахта жерасты учаскесінің электрослесарі Айбар Қосановқа Мемлекеттік наградасын табыс етті. Жанқиярлық және жемісті еңбегі үшін ол ІІІ дәрежелі «Елбек Даңқы» орденімен марапатталды.

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Айбар қырағылық танытты. Ол осы шахтада болуы мүмкін қайғылы оқиғаның алдын алды. Ел Президенті марапаттау туралы шешім қабылдады. Шын жүрекпен құттықтаймыз! Ерен еңбегіңіз үшін рахмет, ата-ананың осындай еңбеккер ұл тәрбиелегені үшін алғыс айтамыз! – деді Ермағанбет Бөлекпаев өзінің құттықтау сөзінде. Өз кезегінде Qarmet компаниясының басшылығы да мемлекеттік наградамен құттықтап, ақжарма алғысын білдірді. Ал, Айбар Қосанов ел Президентіне еленген еңбегі үшін және жоғары марапаты үшін ілтипат сөзін жеткізді.

– Мен үшін бұл күтпеген тосын әрі қуанышты жағдай. Еңбегімді бағалағаны үшін рахмет, бұл біздің бүкіл ұжымның ортақ сыйы деп



білемін, – дейді Айбар Қосанов. – Сол күні мен әдеттегідей жұмысымды атқарып жүрген едім. Оқыстан таралған түтін туралы естіген бетте

бірден 700 метрге тұра жүгірдім. Қаулаған кара түгінді көргенде екі өрт сөндіргішті алып, ошаққа қарай ұмтылдым. Сол кезде ештеңе ойлап та үлгермедім. Есіл-дертім тек он-

мыс істеп келе жатқанына үш жыл болды. Жұбайымен екі бала тәрбиелеп отыр.

Костенко атындағы шахта директоры Денис Дымовтың айтуынша, мұндай әрекетке кез келген адам бара бермейді. Қауіпсіз жерден 750 метрлік төмендіктегі оқиға ошағына дейін жанұшырып бару – көзсіз ерлік. Ол шапшаң әрекет етіп, конвейер штрегіндегі түгінді жалғыз өзі ауыздықтаған. Бұл, тіпті, оның міндетіне кірмейді екен.

Естеріңізге сала кетейік, 2 мамыр күні кешкілік Костенко атындағы шахтадағы КЗ қабатының 4-ші конвейерлік штрегінің айналасынан түтін шыққан. Жедел әрекет нәтижесінде оқыс жағдай тез арада жойылған. Бұл ретте эвакуациялау жоспарын енгізу әрі кеншілерді жер бетіне шығару туралы шұғыл шешім қабылданды.

Бұл жағдайдың орын алу себебі төменгі кенептің шығыршығына бөде заттың түсуі болып шықты. Онан соң шығыршықтың жұмысы бұғатталған. Соның салдарынан конвейер таспасында түтін тараған.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

# Кедергісіз келешектің кемел мүмкіндігі

Қарағандыда алғаш рет «Тең мүмкіндіктер» инклюзивті спорт фестивалі өтті. «Жастар» спорт кешенінде өткен шараға облыс бойынша 23 команда қатысып, 70-ке жуық бала бақ сынасты. Бұл «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында қолға алынған. Ол ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасауды көздейді.

**Жансария ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестивальге қатысқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев осындай бастаманы қолға алған «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалына алғыс білдірді.

– Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың айрықша назарында. Партияның осы бағытта арнайы жобалары бар. Мүмкіндігі шектеулі балаларға мемлекет барлық жағдайды жасайды, біз бұл бағыттағы жұмысты жалғастырамыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Қобжанов та ұйымдастырылған фестивальдің мәні мен мақсаты зор екенін айтты. Қатысушыларға жеңіс, қажырлылық, денсаулық тіледі.

– «Тең мүмкіндіктер» инклюзивті спорт фестивалі – «Кедергісіз келешек» жобасының үлкен жаңалығы, – деді партияның Қарағанды облысы бойынша төрағасы Бекзат Алтынбеков. – Спорт фестивалі ерекше жаратылған ұл-қыздарымыз үшін өмірге деген құштарлығын арттыратын, оларға

қоғамның бір мүшесі екенін сезіндіретін, үміт сыйлайтын жобаның бірі деп есептеймін. Осындай шаралар арқылы партияның 40 мыңнан астам мүшесі өз ниетін білдіреді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, фестивальге мүмкіндігі шектеулі балалармен қатар, қалыпты оқушылар да қатысады. Бұл ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар мен олардың дені сау құрдастары арасындағы достықты нығайтып, сыйластығын арттыруға негіз болмақ. Сонымен қатар, бейімді дене шынықтыру және спорт саласында спорттық волонтерлікті дамыту, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға бейімделген дене шынықтыру демалысын ұйрету арқылы отбасылық қарым-қатынастарды нығайтуды көздейді.

Облыстық мәслихаттың депутаты, «AMANAT» партиясы Қарағанды облысы бойынша филиалы әйелдер қанатының жетекшісі Зара Шалабаеваның айтуынша, алдағы уақытта фестиваль дәстүрлі шараға айналып, ауқымы кеңейіп түспек.

Шараға атап айтқанда, Даун синдромы бар, аутистикалық

спектрі бұзылған, құлағының мүкісі бар, көздері нашар көретін, сал ауруына шалдыққан балалар қатысады. 3-5 және 6-8 сынып оқушылары екі санат бойынша «Жеңіл атлетика», «Көңілді



спорт», «Бочча» түрлерінен өнер көрсетті. Мүмкіндігі шектеулі балалар фестивалінің «Бочча» деп аталатын сайысына қатысты.

Саран қаласынан келген Айгүл Аубақирова жиенін жарысқа алып келіпті.

– Жиенімде сал ауруы. Боччаға арнайы қатысады, аптасына 2-3 рет барады. Бірақ, мұндай шараға бірінші рет қатысып тұр. Жалпы, бізде мектепте мүмкіндігі шектеулі балалар үшін инклюзия



кабинеті бар. Бұл балалар сонда келіп сабақтарын оқиды, логопед, дефектологпен жұмыс жасайды. Ата-аналары алып келіп отырады. Олардың оқу бағдарламасы бөлек, сол бойынша оқиды. Сыныптағы мерекелік шараларға мүмкіндігінше қатысады. Фестиваль басқа балалармен тең сезінуге мүмкіндік

берді, – дейді Саран қаласының №13 мектептің Информатика пәні мұғалімі Айгүл Аубақирова.

«Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық қорының жаттықтырушылары мен жергілікті спорт қауымдастықтарының өкілдері қатысушыларға қазылық етті. Қазылар алқасының шешімімен жеңімпаздар марапатталды.

Суретті түсірген **Александр МАРЧЕНКО**

• ОЛИМПИАДА

# Білімділер бәйгесі өтті

Қарағандыдағы әл-Фараби атындағы мектеп-гимназияда физика саласының білгірі, Халықаралық биографиялық орталықтың (Ұлыбритания, Кембридж) «2001 жылдың Халықаралық ғалымы» алтын медалінің иегері Темірғали Көкетай атындағы облыстық олимпиада өтті. Жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептердің 9-11 сынып оқушылары физика пәнінен сайысқа түсті.



**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Олимпиадаға 43 оқушы қатысты. Шара барысында әл-Фараби атындағы музейге және кәсіптік бағытта ашылған Темірғали Әбілдұлы атындағы математика кабинетіне саяхат жасады. Оқушылар сондай-ақ, «Өнегелі өмір» жобасы аясында «Ғасыр адамымен» кездесті.

– Жер бетінде қазақтай ұлы, данышпан халық жоқ. Әлемнің талай елінде болдым, бірақ, салт-дәстүрінің тағылымдылығы, өмірлік таным-түйсігінің тереңдігі тұрғысынан қазақ халқына тең келер ұлтты көргенім жоқ. Қазақ балалары білімде озық болып, ғылымның шамын жақса нұр үстіне нұр. Олимпиада балалардың ғылымға қызығушылығын арттырып, таным көкжиегін кеңейтсе екен. Елінің тағылыммен қатар ғылымды сүйген бала дүниеге ұлы жаңалық әкеледі. Ең бастысы, өзінің ұлтын, Отанын сүйген өрендер көбейсін.

Жастар еліміздің нағыз азаматтары болуы керек. Азамат – бұл жай сөз емес, ол өз елі мен халқы үшін жұмыс істейтін және бәрін жасайтын адам. Бүгінгі жастар – тәуелсіз мемлекетте тұратын бақытты адамдар. Енді елімізді өркендету үшін жұмыс істеу керек. Ол үшін білімді, әділ, жігерлі және асыл болу керек, – деп атап өтті Темірғали Көкетай.

«Ғасыр адамы» атындағы физика сынбын ашқан математика пәнінің мұғалімі Мархабат Нарова олимпиада оқушылардың талантын ашуға мүмкіндік беретінін атады.

– Бала оқыту ісінде барынша тырысып, еңбек етудеміз. Бастауыш сыныпта балаға ата-ананың көмегі керек. Мұғалім мектепте, ата-ана үйде екі жақтан тізе қосса, баланың оқу үлгерімі де жоғары болады. Бастауышта білімді жетік менгерген бала жоғары сыныптарда өздігінен, тиянақты дайындалады, – дейді Мархабат Нарова.

Білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының басшысы Бақытгүл Хималдинованың айтуынша, биыл оқушылар арасындағы олимпиада өз жемісін берсе, келер жылы физика пәні мұғалімдері арасында облыстық олимпиада өтеді.

Олимпиадаға қатысқан Балқаш қаласындағы С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназияның 11-сынып оқушысы Әлия Сабыржан ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Облыстық олимпиада тарихы өтті. Олимпиадалық есептерді шығарып, Ұлттық бірінші тестілеуге дайындалу жөнінде нақты ақыл-кеңес алдық. Білім бәйгесінде «Ғасыр адамының» өмірімен және ғылыми істерімен танысуға мүмкіндік алдық, – деді Әлия Сабыржан.

Олимпиадаға қатысқан оқушыларға арнайы сертификат берілді. Ал, жеңімпаздар Темірғали Көкетайдың қатысуымен өткен салтанатты жиында І, ІІ, ІІІ дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Суреттер әл-Фараби мектеп-гимназиясынан


• КӘСІПКЕРЛІК

# Сұранысқа ие тұрмыстық химия

Қарағандыда тұрмыстық химия өндірісі бар. Тұрмыстық химия дегеніміз – тазалыққа қажетті сабын, кір жууға арналған сұйықтықтар. Өнеркәсіп күнделікті тұрмысқа қажетті өнімдердің барлық түрін шығарады. Шағын өнеркәсіптік аймаққа облыс әкімінің бірінші орынбасары Азамат Тайжанов арнайы барып, жұмыс барысымен танысты.

**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шағын өнеркәсіп аймағының аумағы шамамен 13 мың шаршы метр. Мұнда түрлі бейіндегі 10 кәсіпорын орналасқан. Осы аумақта құбырлар мен жылыту казандықтары, тұрмыстық химия жасалады. «Westrade» деп аталатын кәсіпорында кір жуатын гелдер, сұйық сабындар, мата жұмсақтқыштар, тазартқыштар мен тазалағыштар өндіріледі. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Азамат Тайжанов аймақ басшылығы кәсібін дөңгелетемін дегендерге



барлық жағдай жасалғанын айтты.

– Біздің басты міндетіміз – отандық тауар өндірушілерді қолдау. Осы бағытта одан әрі жұмыс істейтін боламыз. Тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын қамтама-

сыз ету мақсатында шағын және орта бизнеске жағдай жасауымыз тиіс. Облыста тоқтап тұрған ғимараттар базасында тағы да бірқатар шағын өнеркәсіптік аймақтар құруды жоспарлап отыр-

мыз. Өтінімдер түсіп жатыр. Биыл облыста жалпы сомасы 250 млрд. теңгеге 10 инвестициялық жоба іске асырылуда және 3500 жаңа жұмыс орны құрылуда. Бұл ретте импортты алмастыруға, бәсекеге қабілетті өндірістер құруға баса назар аударылады, – деді Азамат Тайжанов.

Өндіріс жетекшісі Александр Будницкий өнімді сапалы етіп жасау үшін барлық жағдай жасалғанын айтып отыр. Санға емес, сапаға жұмыс істейміз деді.

– Компаниямыз жеті жылдан бері жұмыс істеп келеді. Автохимия өндірісін аз көлемде бастадық. Тұрмыстық химия өндіре бастағанымызға үш жыл болды. Қазір айына 150 тонна дайын өнім шығарамыз. 50-ден астам өнім түрі бар. Біз импорттық жабдықты, шикізатты шетелден сатып аламыз. Сапаны бақылауға арналған жеке зерт-

хана бар. Бастапқыда өндірісіміз басқа мекенжайда орналасты. Ол шағын цех болатын. Кейін осында көшіп келдік. Аумағымыз кең. Өте ыңғайлы. Өндірісті одан әрі дамыту үшін мүмкіндіктер бар, – деді өндіріс жетекшісі Александр Будницкий.

Өндіріс қазір бұрынғы машина жасау зауытының орнында. Бұл аумақ осы уақытқа дейін бос тұрған.

Облыс билігінің өкілдері жергілікті кәсіпкерлерге қолдау көрсету мақсатында өнімдегі ірі кәсіпорындармен келісімге келіп жатқанын жеткізді. Келісімге келсе, осы аумақта өндірілетін тұрмыстық химияны «Qarmet», «Kazakhmus» секілді алпауыттар тұрақты түрде сатып алып отырады.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

## Құрметті қарағандылықтар!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл күні біз күндіз-түні Отанымыздың тыныштығын күзетіп, еліміздің қорғаны – әскери салада еңбек етіп жүрген қызметкерлерге, елімізді қорғауға әзір барлық азаматтарымызға ризашылығымызды білдіреміз.

Бүгінде еліміздің әскери ұлан-ғайыр қазақ даласын жаудан қорғап өткен батырлар институтының даңқты әскери дәстүрлерін жалғастырып келеді.

Халық жадында әлі күнге дейін сақ жауынгері Шырақ батыр мен билеуші Томирис патшайым, түркі қазаны Күтлық, қолбасшылар Кабанбай мен Бөгенбайдың, Бауыржан Момышұлы мен Әлия Молдағұл сынды батырлар институтының жарқын өкілдерінің ерлік істері сақталып келеді.

Дана халқымыз «Ер – елінің қорғаны» деп бекер айтпаса керек. Бүгінде әскери тарихымызға ұқыппен қарап, оны өскелең ұрпаққа жеткізіп, оларға патриоттық тәрбие беру аса маңызды міндет. Осынау даңқты әскери дәстүрлерімізді жалғастыра отырып, аталарымыз бен әкелеріміздің ерліктеріні жадымызда ұстау бізге және келер ұрпаққа – аманат.

Біз барлықтарыңызды Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, шаңрақтарыңызға бақ-береке, қызметтеріңізге табыс тілейміз. Тәуелсіз Қазақстанның аспаны әр уақытта ашық болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,  
Қарағанды облысының  
әкімі  
Нүркен КОБЖАНОВ,  
Қарағанды облыстық  
мәслихатының төрағасы



## Отан қорғаушылар күні құтты болсын!

Мереке құтты болсын, жерлестер!

Бұл мереке батылдық, төзімділік, Рухтың күшімен және Отанға деген адалдық сынды қасиетті ұғымдармен тікелей байланысты.

Біз, әсіресе, жас ұрпақ Отанға шексіз құрмет танытып, бүгінгі бейбіт өмірді жап-тәнімен қорғаған батыр әкелеріміздің ерлігін естен шығармауымыз керек.

Туған жерді қорғау – ата-бабалымыздың ұрпағына қалдырған өміс өнегесі. Сондықтан, қазіргі таңда біздің жауынгерлер ата-бабаларымыздың ержүрек дәстүрлерін абыроймен жалғастыруда. Олар әскери борыш пен берген анттына адал, берік болып, атамекеніне қалтқысыз қызмет етеді. Осы ниет қарымы үшін біз оларға шексіз ризамыз.

Баршаңызға денсаулық, жақсылық, табыс және бейбіт аспан тілеймін!

Әр отбасында, әр үйде бейбітшілік пен келісім орнасын! Болашағымыз баянды, келешегіміз кемел болсын.

Мереке құтты болсын!

Мейрам КОЖУХОВ,  
Қарағанды қаласының әкімі  
Алтынтөре БӨКЕНОВ,  
Қарағанды қалалық  
мәслихатының төрағасы

## ҚАЛҚАН

# Бабалар аманатына адалдық

Жер-жиһандағы бүгінгі ахуал аландатып тұрғаны рас. Әлемнің әр бұрышынан жеткен қанды қырғын мен қарулы қақтығыстар туралы жеткен әр хабар, тіпті, екі жыл бұрынғы «Қантар оқиғасы» да бізге мамыражай заманның өткенін, қол қусырып отыруға болмайтынын көрсетті. Айбынды әскер мен қуатты қорғаныс – кез келген мемлекеттің басты тірегі, қауіпсіздігінің кепілі екенін үлкені де, жасы да түсінді. Қалыптасқан күрделі геосаяси ахуал әскерилерден бір сәтке де босандық танытпай, ерекше сақ болуды талап етеді. Бұл – әсіресе, Еуразия кіндігі саналатын Қазақ елі үшін шекарасының берік, армиясының кез келген жағдайға сақдай сай болуы маңызды зор стратегиялық міндет.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Егемендіктің алғашқы жылдарында-ақ қалыптасқан Қазақстан Қарулы күштерінің сапында бүгінде 300 мыңға жуық азамат қызмет атқарады деген дерек бар. Оның ішінде, тұрақты әскери қызметшілер қатары 45 мың болса, әскерилендірілген құрылымдарда еңбек ететін мамандардың саны 32 мыңнан асады. Үш құрылым бойынша жасақталған қазақ армиясы 30 жылдан астам уақыт бойы ел қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келеді.

Быылғы қаңтар айында Global Fiterpowet порталы әлем елдері армиясының дәстүрлі рейтингін жаңалады. Ол әскердің әлеуеті мен қорғанысқа бөлінетін қаржыны таразылайды. Сол тізімде Қазақстанның көрсеткіштері бытырғы 63 орыннан бес сатыға көтерілген. Бүгінгі таңда 58-орынға табан тіреп тұр. Тізімдегі дерекке сенсек, еліміздің Орталық Азия мемлекеттері арасында көш бастап тұрғанын аңғару қиын емес. Әлемнің 145-тен астам мемлекетінің әскери әлеуеті

сараланған тізімнің көш басында АҚШ, Ресей, Қытай сынды алпауыттар жайғасқан. Аталған порталдағы Қазақстанға қатысты деректерге назар аударар болсақ, елімізде 407 бірлік дүркін оқ атудың реактивті жүйелері бар. Қазіргі таңда қуатты қарудың 265-і әскери іс-қимылдарға сақдай сай. Бұдан бөлек, 246 өздігінен жүретін артиллериялық кон-лендірілген құрылымдарда еңбек түрлі ұшу аппараттары, оның ішінде шабуылдаушы және жойғыш ұшақтар, жауынгерлік, көлік және оқу тікұшақтары бар.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы Бүкілармиялық кеңесте Қарулы күштерімізді технологиялық тұрғыда жаңғырту жұмысы қарқынды жалғасатынын тілге тиек етті.

«Армиямызды толыққанды қаруландыруда және жаңғыртуда отандық қорғаныс-өнеркәсіп кешені маңызды рөл атқарады. Үкімет әскери өнімдер мен қызмет түрлерін кеңейту үшін барлық шараны қабылдауға тиіс. Тағы бір өзекті мәселе – зауыттардың және әскери бөлімдердің техниканы жөндеу мүмкіндігін арттыру. Біздің бұл саладағы әлеуетіміз жоғары», – деді осы жиында Қасым-Жомарт Тоқаев.



Десек те, адами капиталсыз әскер болмасы анық. Бүгінде Отан алдындағы борышын өтеуден бас тартатындардың көптігі жасырын емес. Мұны Президент те ашық айтты. «Қантар оқиғасынан» кейін Парламент Мәжілісінің отырысында Мемлекет басшысы назар аударатын мәселе деп атады. «Көптеген жас азаматтар Қарулы күштер қатарында әскери борышын өтеуден қашады. Әскери билетке ие болу жастардың мектептен тыс оқуға және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды. Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша миссия. Бұл Отан үшін жанын салуға бел буған азаматтардың саналы таңдауы. Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек», – деді. Содан кейін әскери қызметшілердің әлеуметтік мәселесіне ден қойыла бастады. Отан алдындағы әскери

борышын өтеп келген азаматтар жоғары оқу орнына жеңілдікпен түсе алады. ҰБТ-да жинаған балдарын есепке алмай, әскерден кейін екі жыл ішінде ақылы және тегін негізде жоғары білім алып шыға алады. Мұндай мүмкіндік еліміздің әр өңіріндегі 70-тен астам жоғары оқу орны ұсынып отыр. Оның ішінде, қарағандылық білім ордалары да бар. Бытырғы жылғы дерек бойынша жобаға қатысатын жоғары оқу орындары өз есебінен 3 мың грант бөлген болатын. Бұдан бөлек, мерзімді әскери қызметтегі сарбаздар несиесін төлеу міндетінен уақытша босатылып, қалауы бойынша армия қатарынан нақты мамандық алып шығады. Бұл мүмкіндікті пайдаланған жастар қатары біршама.

Әскери қызметкерлер тікелей міндеті мен азаматтық борышын адал атқарып жүрген мамандарды айтпай кетуге болмас. Бұл әсіресе, биыл орын алған табиғи апаттың алдын алу және салдарын жоюда

айқын көрінді. Қарғыннан келген қауіпті еңсеруде Қарағандының бір ғана 31775 әскери бөлімінен 300-ден астам адам бір айдай Солтүстік Қазақстан облысына барып, ортақ іске атсалысты.

– Қарулы Күштер министрінің тапсырмасымен Петропавлда болып қайттық, – дейді аталған әскери бөлімнің рота командирінің орынбасары Салават Тнибаев. – Дамба қойдық, су басқан жерлерден адамдарды, үй жануарларын алып шықтық. Келген гуманитарлық жүкті түсірістік. Қолындағы барын айырылған адамдардың жай-күйін көру оңай емес. Барынша көмектесуге тырыстық, күн-түн демедік.

Халқымыз бастан өткерген небір қиын-қыстау замандарда ел перзенттері ержүректілігімен байтақ даланы қорғап қалды. Сол бабалар аманатына адалдық – бүгінгі буынның басты борышы, қасиетті парызы.

Сурет ашық дереккөзден

## ТӘРТІП КҮЗЕТІНДЕ

# Тәуелсіздік тірегі

«Елінің шетін жау баспасын деп, Найзаға үкі таққан елдің» (Қазыбек би) ұрпағы бүгінде баба аманатына адалдық танытып келеді. Сарбаз дегенде сайдың серке тасындай сап түзеп, сымдай тартылған ұлан елестейді. Ұлттық ұланда дәл сондай жас қырандар елге қызмет етеді. Ұлттық ұлан – елмен бірге есейген, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ең ұрысқа қабілетті құрылымдардың бірі. Әскерлер аса маңызды стратегиялық объектілер мен түзеу мекемелерін күзетеді. Қоғамдық қауіпсіздікті қорғайды. Алысқа бармай-ақ күні кешегі «Қантар қақтығысында» осы Ұлттық ұландықтар елге қызметтің ерен үлгісін көрсеткені белгілі. Олар беріде төтенше жағдайларға төтеп беріп, қауіп-қатердің алғы шебінде жүрген де осы ұландағы сайыпқыран сарбаздар.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әманда әскери мықты елдің – әлем алдында бәсі де биік. Әскер қатарында қызмет ету – әр азаматтың борышы. Тарихтан мәлім, жауынгер бабалар үшін ар-намыс, қадір-қасиет – басты құндылық әрі солай болып қала береді. Қандай қиын-қыстауда белуардан су кешіп, жұрты артқан аманатқа адалдықтан айнымайтын сарбаздарға бұл күні құрмет орасан болуы тиіс. Жауынгерлерден жасақталған жеке құрам жыл сайын табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға тікелей қатысады, сондай-ақ, терроризм және ұйымдасқан қылмысқа қарсы топтармен де тоқтаусыз күрес жүргізіп келеді.



Қарағандылық ұландықтар Рақуша кентінде жағалауды нығайту, қаптарға құм толтыру және оларды төсеу жұмыстарымен айналысып жатыр. Бұдан бөлек олар Атырау-Көпір-Әлиев, Балықшы, Көк-Арна-Балық зауыты, Жаңаталап, Балық аулау каналы шағын аудандары мен Атырау-Индер-Бесікті тасжолы, Суарнасы-Орталық, ФОК маңайларындағы жұмыстарға да жұмылдырылған. 5451 әскери бөлімінің сарбаздары Құлысары қаласының аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуді қолға алған. Әскери қызмет-

3000-нан астам ұландық жұмылдырылыпты. Олар 120 автомобиль техникасы мен 6 әуе кемесін пайдаланды. Нәтижесінде 1781 адам эвакуацияланып, ұзындығы 115 шақырымнан астам жағалауды нығайту жұмыстары жүргізілген. Сондай-ақ 1 463 500 қап дайындалып, белгіленген жерлерге төселді. Су тасқыны болған жерлерге 160 тоннадан астам гуманитарлық жүк жеткізілді және күзетшілер 2300 тонна гуманитарлық жүкті түсіруге көмек бергенін ерекше атауға тиіспіз.

Ұлттық ұланның қоғамдық тәртіп, аса маңызды нысандар мен түзеу мекемелерін күзетуде еңбектері зор. Күн сайын 6 000-нан аса әскери қызметшілер қоғамдық тәртіпті сақтау үшін полицейлермен бірге жауынгерлік қызметке шығады екен. Ұлттық ұлан – Тәуелсіздік тірегі.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



## Құрметті соғыс ардагерлері, тыл еңбеккерлері!

Құрметті қарағандылықтар!

Сіздерді Ұлы мереке – Жеңіс күнімен құттықтаймыз!

9 мамыр – бұл батылдық пен асқан ерлік, жанқиярлықтың және Отанға шынайы қызмет етудің нышаны. Бұл – біздің өткен сұрапыл күндерден тағылым алған ерлік шежіресі әрі әрбір отбасының терең тарихы.

Қарағандыда осы қорқынышты соғыстың тірі куәгерлерінен, өкінішке қарай, тек жеті қаһарманы қалды. Бұл күні біз нас батырлық пен барлық сарбаздың басына түскен қиыншылық пен ауырталық атаулысын еске аламыз.

Сіздерге, жеңімпаздар және тыл еңбеккерлері, сұм соғыстан құтқарылған әлем мен бейбіт көк аспан үшін мың тағзым! Сіздердің жанқиярлық ерліктеріңіз, қайыспас рух күші мен қайраткерліктеріңіз, Отанға және оның халқына деген зор сүйіспеншіліктеріңіз біз үшін әрқашан айшықты үлгі болады.

Баршаңызға шын жүректен зор денсаулық, бақыт және амандық тілеймін!

**Мейрам КОЖУХОВ,**  
Қарағанды қаласының әкімі  
**Алтынтөре БОКЕНОВ,**  
Қарағанды қалалық мәслихатының төрағасы

## Ардақты ардагерлер!

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық кеңесі Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін, жеңілдіктер бойынша оларға теңестірілген азаматтарды, соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлерін, Ленинград құрсауында қалғандарды, концлагерлер тұтқындарын, қан майданда қаза болған және қайтыс болған жауынгерлердің жесірлерін фашистік Германиямен соғыстағы Жеңістің 79 жылдығымен шын жүректен құттықтайды.

Сол бір сұрапыл жылдары Қызыл Армияның әрбір жауынгері қасық қаны қалғаниша Отанын қорғады. Жеңіске жетуға фабрика, заводтарда, Қарағандының жерасты шахталарында, егістік алқаптар мен мал фермаларында күндіз-түн демей жанқиярлықпен еңбек еткен тыл еңбеккерлері үлкен үлес қосты.

Біз сіздердің жауынгерлік және еңбектегі ерліктеріңізді мақтан тұтамыз.

Мереке құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз.

**Оралды ТӨРЕҒОЖИН,**  
Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы



• АҚТАҢДАҚ

# Танкіші қыздардың беймәлім тағдыры

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, ерліктің ғаламат үлгілерін көрсеткен баһадүрлеріміз қаншама. Есімдері ел жүрегінің төрінен орын алған қаһармандар қатарында өшпес ерлік жасап, өлмес даңққа бөленген жандар да аз емес. Ерлігі еленбей қалып, әділ баға берілмеген жау жүректеріміз де бар. Солардың қатарында майдан даласында қашан да ар-намысты бәрінен биік ұстап, ел үшін соғыс отына шарпылған қарағандылық қаһарман танкіші қыздары атағанымыз жөн. Соғыс кезінде «Т-34» танк экипажы қазақ қыздарынан құралғаны туралы көп айтыла бермейді. Олар – экипаж командирі әрі көздеуші кіші сержант Жамал Байтасова, оқтаушы-атушы Күлкен Токбергенова, механик-жүргізуші Күлжәмила Талқанбаева, радист-пулеметші Жәмила Бейсенбаева. Неміс басқыншыларынан жау қоршауында қалған жерлерді азат ету жолында жан аямай шайқасқан қазақтың қайсар қыздарын Кеңес үкіметінің елеусіз қалдырғаны әлі күнге көңілге алабөтен күдік ұялатады...

**Нұрлос КӨРІМ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Танкіші қыздар туралы сержант Топаи Жүнісов «Советтік Қарағанды» газетінің 1944 жылғы 22 тамыздағы санында «Танкіші қазақ қыздары» деген мақаланы жарияламағанда, мүлдем білмейтін де едік. Мақаланың мәтініне мән берсек былай деп жазылады. «Қыздар аз уақытта соғыс техникасын меңгеріп, танкіші-механик, атқыш және даңқты барлаушы болған. Солардың бірі – омырауында «Батырлығы үшін» медалі жарқыраған экипаж командирі, кіші сержант Жамал Байтасова. Сөзге шешен, іске шебер, жауынгер Жамал қаладан немістерді жөңкілте қуды. Литваның сәулетті қалаларын неміс-фашист басқыншыларынан азат ету барысында жеңдеттерді аяусыз талқандады. Осы құрамдағы Күлкен Токбергенова жаудан «тіл» әкелетін барлаушы болды. Барлау жұмыстарында командованиенің тапсырмаларын батырлықпен орындағаны үшін үш рет марапатталған. Бөлімшедегі танкіші қыз Күлжәмила Талқанбаеваның ерлік істері де ерекше көзге түседі. Олардың ішінде радист, пулеметші Жәмила Бейсенбаева да өз қызметін жақсы атқарды. Танкіші қыздар бір күнгі ұрыста жаудың бес атыс ұясын жойып жіберген». Бұл мақаланы сержант Топаи Жүнісов майдандағы 28054-0 дала поштасынан жібергендігі сол кездегі «Советтік Қарағанды» газетінде тайға таңба басқандай жазылған.

Бізге жеткен тарихи дерекке

сүйенсек, соғыста бар-жоғы 20 танкіші әйел болған екен. Бірақ, олардың тізіміне төрт қазақ қызының есімдері енгізілмеген. Бізді таң қалдырғаны, қазақтың өрімдей төрт қызынан құралған танк экипажы майдан даласында жаумен шайқасқаны жайлы деректің барлығына қарамастан ескерілмеуі, олардың ерлік жолдары жабық күйінде қалғандығы. Осы әділетсіздікке төзбеген майдангер-жазушы Қалмұқан Исабаев «Қазақ әдебиеті» газетінің 1975 жылы 9 мамырдағы санында «Қайда екен, қайда сол батыр қыздар?» атты мақаласын жариялаған. Жазушы төрт танкіші қазақ қыздарының Балтық бойындағы шайқастарда қаза тапқанын және танитындары болса, газет редакциясына хабарласуын сұраған көрінеді. Алайда, ешкімнен батыр қыздарымыз жайлы хабар алмаған екен.

Бір айта кетерлігі, 1942 жылы наурыз айында КСРО Қорғаныс Наркомының №0459 бұйрығы шығады, онда адам ресурстарының жетіспеушілігіне байланысты бронды техника әскерінің қатарына әйелдерді де алуға рұқсат етті. Сол кездің өзінде қарағандылық қыздар Күлкен Токбергенова, Күлжәмила Талқанбаева, Жәмила Бейсенбаева мен Жамал Байтасованың танк экипажына қажетті әскери мамандарды дайындайтын қысқа мерзімді курста жолығып танысуы, сол кезде төртеуі естелік фотоға түсуі, батыр қыздарымыз туралы, өкінішке қарай, жалғыз ғана дерек болып қалып отыр. Қалған құжаттар сақталмаған. Тек курсты жүргізген кіші лейтенант Осиповтың төрт қызымызға танк



Сурет ашық деректен

экипажы бола алатыны туралы рапорты ғана сақталған. Онда: «Экипаж жедел курсты жақсы меңгерді, танкінің техникалық жағдайына қарап, жөндей алатын дәрежеде. Тактикалық әдіс нұсқаларды, топографиялық карта бойынша ориентация жасауды өз дәрежесінде біледі. Қашықтықтан және жақыннан ату полигонында да үздіктер қатарында болды» делінген.

Одан кейін, қарағандылық қаламгер Қанат Кәреновтің 2022 жылы жарық көрген «Қарлығаштар оралар ма?» атты кітабында танкіші қыздар жайлы мағлұматтар беріледі.

Қаламгер кітабында Жамал Байтасова соғыс басталғаннан майданға өз еркімен бару үшін әскери комиссариатқа бірнеше барып өтініш бергендігін, ақыры тракторшылар курсы бітіргендігін алға тартып, танкист атанғысы келетінін жеткізгенін баяндайды. Жамалдың трактор бригадасының бригадирі болғанын, әкесі Асан оны жалғыз өзі тәрбиелегенін атап өтеді. Әкесі де майдан даласына аттанғанын және әкесіне жазған мына бір хатын қағазға түсірген.

«Әке, біз жауды міндетті түрде жеңеміз, сосын үйге ораламыз. Мен осыған уәде беремін! Сіз білесіз, менің уәдеге берік еке-

німді. Онымен қоса, мен жалғыз бара жатқан жоқпын, қасымада үш сінділім бар. Енді. Төртеу болдық! Қатты қысып, құшақтап, бетіңізден сүйдім! Қызыңыз Жамал» делінген хатта.

Ал, Күлкен Токбергенованың әкесі Есенғай балуан, атакты аңшы, бүркітші болғанын әңгімелеп, үкімет қысастық жасаған байлардың малын айдап қашыраруға көмектесемін деп сол күйі оралмағандығын тілге тиек етеді. Күлкенді анасы Сәліма өсірген. Анасы Айшаның жақын сінділі Амина Күлкенді асырап, ел қатарына қосады.

Жәмиланың ата-анасына жазықсыз жала жабылып айдауда жүріп дүние салады.

Күлжәмила да жастай жетім қалған. Әкесі Қарсақбай мен анасы Бәну кәмпескекеуге келген отряд сарбазының қолынан жазым болады. Бәнудің туған бауыры Олжабай өзінің 4 баласымен қатар Күлжәмиляны асырап, оқытқан екен. Осындай тағдыры ауыртыпалыққа толы қазақ қыздарының қайыспай жауға төтеп бергендігі баяндалады.

Конструктор Кошкиннің сол кездегі озық техникасы болып табылатын «Т-34» танкісін азиялық ұлт өкілі – қазақ қыздарының игілеуі, олардың екінші Дүниежүзілік

соғыстағы ең үлкен Курск шайқасы кезіндегі Прохровка түбіндегі екі жақтан мың жарым танктің шайқасына қатысып, аман шығуын үлкен ерлікке баламай көріңіз, қанекей. Сөзіміз жалаң болмас үшін сержант Топаи Жүнісовтің шағын репортажына көз жүгіртейік. «Литваның бір шаһарын жаудан азат ету жолындағы ұрыста немістің ондаған солдаттары мен офицерлерінің өлекселерін таптап, көп олжаларын ортаға түсірдік. Командованиенің бұйрығын абыроймен орындап, танк бөлімінің алға басуына жол аштық», – дейді Күлкен өз әңгімесінде. Бірнеше танкке жол ашқан қазақ қыздарының ерлігі ойымызды қуаттай түседі. Майдангер төрт қыз туралы хабар да тым мұрағымсыз, там-тұмдап қана сақталған. Бір деректе олар 1944 жылы желтоқсанның басында қаза болды дейді. Енді бір деректе төртеуі де хабар-ошарсыз кеткен деп те келтіреді. Қарағанды облыстық мұрағатының мәліметінше, 1942 жылы облысымыздан соғысқа 50 қыз-келиндік өз еркімен аттанған. Сонымен қатар, «Қазақстан тарихы» порталында жарық көрген мақалада журналист Дина Игсанова танкіші қыздардың экипажы Прибалтикадағы шайқаста қаза тапқаны туралы жазған.

Алапат айкаста анталаған жауға оқ жаудырған 4 қаһарман ақырғы демі біткенше ерліктің мәңгі өшпес үлгісін көрсеткен. Еңтелі келген дұшпанға қырғын майдан ашып, қайта-қайта шабуылға шыққан басқыншыларды баудай түсірген батырлар туралы бізге жеткен мәлімет осы ғана. Алда талай танкіші қыздар туралы танымдық мақалалар жазылып, зерттеулер жүргізіледі деп сенім артайық. Біздің батыр қыздарымыз жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында жүрді. Олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл гүмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол бір сұрапыл жылдары өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Отан үшін отқа түскен жандардың мәңгі есте қалдыратындай кино түсіріп, Қарағанды қаласының қақ ортасынан ескерткіш орнатсақ, жерлестерімізді есте сақтау үшін, ұрпаққа ескерткіп тұру үшін атқарылатын ұлағатты іс болар еді.

# Елдік тұғыры, Ерлік рухы аласармайды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тұтқиылдан тап берген басқыншыға көкжалдай қасарыса қарсы тұрып, естен кетпес ерен ерлік қылған қаншама қазақстандық ақсөңке сүйегі жат жерде қалды. 1941 жылдың 22 маусымында басталып, 1418 күнге созылған сұрапыл майданға Қазақстаннан ресми мәліметтерге сәйкес, 1 млн. 200 мың жауынгер аттанған. Олардың 600 мыңы қайтып оралмаған. Ал, жеңіспен елге аман-есен жеткен 105 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алып, кеудесіне «Алтын жұлдыз» қадаған. «Қазақстанның қаһарман майдангерлері» жобасы шеңберінде зерттеушілер бұл жұмыспен отыз жыл бойы табанды түрде айналысып келеді. «Осы кезеңде Қазақстаннан шыққан жауынгерлердің тағдыры мен ерлігі туралы 56 том еңбек жарық көрді. Оның 6 томы майдан шебінде болған әйелдерге арналған», – дей келе Мемлекет басшысы тарих парактарын парасат пайымы тұрғысынан зерделеуді тапсырды. «Ең соңғы сарбаз жерленбей, соғыс бітпейді» деген тәмсілді естіп пе едіңіз? Тек Қарағанды облысынан 45 мың адам сол сұм соғысқа аттанған.

– Бүгінде біз 7,5 мыңнан астам өтінім алдық. Оның 2000-ы



Коллажды жасаған М.Эйнекова

сөтімен орындалды. Орта есеппен ай сайын біз 50-ге жуық жауынгер нақында дерек пен дәйек тауып жатамыз. Тек соңғы екі жылда ғана із-түзсіз кеткен 19 жауынгердің сүйегі атамекенге жеткізілді, – деді «Atamyn Aманаты» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұрат Молдағалиев.

Қазақстан тарихындағы Жеңіс күні – бұл батыр бабаларымыздың ерлігі мен қаһармандық даңқы

алтын әріппен айшықталған күн. Бұл күні болашақ үшін құрбан болған миллиондаған адамға тағзым ету – біздің ең кемінде азаматтық парызымыз!

## Дұға

Жеңіс күні келгенде, мұқым жаһан ерлігі еш кетпеген есіл ерлерге, ардақты ардагерлерге, тыл тарландарына тәжім мен тағ-

зым етіп, риясыз ризашылықтың сиқырлы ауанына енетіндей. Бұл күн сұрапыл соғыстың аяқталуына ғана емес, зұлымдықты жеңудің байрақты нышанына, ұлттың рухы мен бірлігінің еңсерімсіз ештеңе жоқтығына тағы мың мәрте көз жеткізеді. Бұл тұғырлы жеңіс мерекесінің әр белгісі зұлматтың жақсылыққа, қапастың жарыққа деген өлшеусіз ұмтылысын айшықтайды. Біз бостандық пен

ТАРИХҚА ТАҒЫМ

# Он жетіде от кешкен...

Нағидолла Әлібеков – Нұраның біртуар азаматы, соғыс және еңбек ардагері. 1943-1955 жылдар аралығында әскер қатарында болған запастағы офицер, I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Ерлігі үшін» және Г.Жуков медалдарымен, бейбіт өмірдегі еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Қара бұлтты сейітпін, күн шуағын сыйлаған ардагерлер қатары жылдан жылға сиреп қалса да, фашизмге соққы берген аталарымыз болашақ ұрпақтардың жарқын келешегін қамтамасыз ету үшін қасық қандарын аяған жоқ. Арада қанша жыл өтсе де, қан майданда «Отан үшін!» деп алға ұмтылған, қаһармандықпен ерен ерліктің үлгісін көрсеткен жауынгерлер есімі ешқашан ұмытылмайды.

Нағидолла Әлібеков есім-соіы Нұра, қала берді Қарағанды өңіріне етене таныс. Қан майданға 17 жасында өзі сұранып аттанған, тепсе темір үзетін жас жауынгерге жауды жеңіп, елге аман-есен оралып, еліне ерен еңбегін сіңіріп қана қоймай, ұрпақ сүю бақыты бұйырған екен. Нағидолла ағамызды бір көрген адамның көз алдына қазақ батырларының ұлттық кейіп келетін еді. Еңселеі, жауырыны қақпақтай, екі иығына екі кісі мінгендей жаратылысы, сыртқы келбетіне ішкі дүниесі де кеңдігімен сәйкестеніп тұратын. Сондықтан да болар, неміс басқыншылығымен өткен талай шайқаста үш рет окка ұшып контузияға ұшыраса да, дала госпитальдарында емделген соң майдан шебіне қайта орала беріпті. Бұл туралы Кеңес Одағының Қорғаныс Министрілігінің әскери медициналық құжаттамалар мұрағатының 1943-1944 жылдардағы анықтамалары сақталған. Жас жауынгердің өзінің жасын өзгертіп, 17 жасында қан майданға аттануы да оның батылдығы мен ержүректігін білдірмей ме?!

Енді жауынгердің майдан жолына тоқталсақ дейміз. 1943 жылдың 30 қаңтарында Нұра аудандық әскери комиссариатынан аттанған жас жауынгердің от кешіп, сынга түскен жері Ленинград майданы бопты. Бұл кезең қаланы жаудан босату операциясына тұспа-тұс келген. Забайкальск әскери округінде атқыштар бригадасында курсант боп, оқу-жаттығудан өтіп, мергендіктің қырсырын менгерген алғыр жас Ленинград әскери округінің 268-атқыштар дивизиясының бөлім командирі болып алғы шепке аттанған. Үш жылдан астам уақытқа созылған Ленинград үшін шайқас елдің бүкіл солтүстік-батыс бөлігін қамтыды. Барлық ұлттардың жауынгерлерімен бірге қазақ жауынгерлері де Ленинградты табан тіреп қорғады. Ленинград маңындағы фашистерді талқандауды қолбасшы генерал-полковник Говоровтың басшылығымен Кеңес командованиесі жедел қарқымен жүзеге асыра бастады. Ақыры, 18 қаңтарда қоршау бұзылды. 1943 жылдың тамызына дейін созылған Ленинград шабуылы нәтижесінде Ленинград облысы тегіс жаудан азат етілді. Одан соң ағамыз Псков түбіндегі қанды шайқасқа қатысып, әрі қарай жауынгер жолы Прибалтика елдерінде жалғасты.

Шайқастарда шыныққан сержантқа енді Кенисберг бағытында жау күшін барлау тапсырмасы жүктелді. Сөйтіп, ол енді өзіне бекітілген топпен барлауға шықты. Барлау кезінде алдында не күтіп тұрғанын ешкім білмейді, жау аумағына еніп оның күшін, қару-жарағының мөлшерін, әскери техникасының шоғырланған орнын анықтап, деректер әкелу міндеті тұрды. Жолда кездескен көптеген қайшылықтарға қарамастан сержант Нағидолла Әлібеков бұл тапсырманы абыроймен орындап шықты және Бас қолбасшыдан «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Бұл 1943 жылдың аяғы болатын. Оның әкелген деректері келешекте батыс аймақты Прибалтиканы жаудан азат етуде өте маңызды болып шықты.

...1944 жылдың қаңтарында Нарва қаласын жаудан азат ету барысында ешқандай бұйрықсыз-ақ, жүрегі, өз байламы арқылы жасаған көзсіз батырлығы үшін ол «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Бұл медаль жауынгерге жеке ерлігі үшін беріледі екен. Нағидолла Әлібеков осы медальмен төрт мәрте марапатталды. Яғни, ол ұрыс даласында батырлықпен ерлік көрсеткенінің айқын дәлелі. Одан соң соғыстың сұрапыл шайқасын-



жауынгер қызметі №344 ерекше авиациялық техникалық батальонында ұласты. Рота старшинасы, взвод командирінің көмекшісі, оқу взводының командирі. Әуе атқыштарының авиация техникалық базасында командир, бәрі өз ретімен жүріп жатты, шен де шекпен де қызметке лайық. Бірақ, елде қалған әке-шешенің жағдайы алаңдата бастады. Себебі, екі үйдің ортасындағы арқа сүйер азамат бір өзі болатын. Бұл кезде елдегі ата-анасы да зейнеткерлік жасқа келіп қалған еді. Ол кісілер де қол қусырып отырмай, жалғыз-ғалымды көре алмай қаламыз ба деп, жалғыз асыраушымыз деп жоғарғы жаққа



Суреттер ұрпақтарының жеке мұрағатынан

дағы жанқиярлық ерліктері үшін Нағидолла Әлібеков «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

Қанды қырында жас жауынгердің әскери қабілетін байқаған қолбасшылары оны Вильнюс жаяу әскери училищесіне оқуға жібереді. Бұл дегеніміз, ол енді «кадровый офицер» болып, 25 жыл әскери қызметке енгендігін білдіреді.

Бұл оқу орнын да жақсы аяқтап, Нағидолла Бөстенұлы әскери қызметін әрі қарай жалғастыра берді. Соғыс аяқталды, бірақ әскери міндет жалғасты. Енді

өтініш түсіре берді. Өтініштері орындалып, Нағидолла ағамыз әскери қызметтен, Түркияда Әскери округі құрамында Қытай Халық Республикасында міндетін атқарып жүрген жерінен, «Соғыс кезінде батальон командирі лауазымына пайдаланылады» деген бұйрықпен босап, елге оралды.

Бұл 1955 жыл еді. Жалындалған жастық шағының 12 жылы соғыс деген жалмауызды ауыздықтауға кеткенді. Елге келген соң білімді, алғыр жасқа бірден қызмет беріліп, партия, кеңес органдары-

рында еңбек етті. Сырттай Талғар ауыл-шаруашылық техникумын бітірді. Оның талабын, ұйымдастырушылық қасиетін байқаған аудан, облыс басшылары Нағидолла ағамызды Алматы жоғарғы партия мектебіне оқуға жіберді. Ол оқуды да ағамыз үздік бітіріп, елге оралды. Ал 1966 жылы ағамыз «Нұра» совхозына директор болып тағайындалды. Ол кезде ол кісінің білімі де тәжірибесі де ұйымдастырушылық қабілеті де зор болатын. Осы шаруашылықты Нағидолла Әлібеков 20 жылға жуық басқарып, сол бір қиын-қыстау заманда шаруашылықты құлдыратпай, оның дамуына ерен еңбегін сіңірді. Еңбегі еленіп, үкімет тарапынан 1966 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 1973 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Қандай лауазымда болмасын, өзіне жүктелген міндеттерді асқан жауапкершілікпен, еңбекқорлықпен орындап отырды. Елінің қошеметіне бөленді.

Туған халқының жүрегінен орын тепкен адамның ғұмыры қашан да мәңгілік. Нағидолла Әлібеков – ел намысын жанымен сезген жауынгер. Оның жауынгерлік жолы, сұрапыл соғыстағы теңдесі жоқ ерліктері мен алған марапаттарын бір мақалаға сыйғызып жеткізу де мүмкін емес. Бір ерекше атап өтетін жайт, оның жауынгерлік ерліктерін айғақтайтын марапаттар соғыс аяқталған соң да өз иесін тапқан екен. 1951 жылы Кеңес Одағының Маршалы Гречконың өзі қол қойған «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалі, Жеңістің 40 жылдығына орай Жоғарғы Кеңес Президиумы Жарлығымен 11.03.1985 жылы «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені», көптеген мерейтойлық медалдар, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Басшылары кеңесінің 1995 жылғы 26 мамырдағы шешіміне сәйкес, Кеңес Одағының Маршалы Г. Жуков медалі тағы басқа көптеген марапаттар өмірінің соңына дейін жалғаса беріпті.

1999 жылы өмірден озған батыр ағамыз өмірінің соңына дейін өзінің жауынгерлік кейіпін жоғалтқан жоқ. Сол әскери адамға тән тіп-тік, жүріс-тұрысы да әскери қалыпта сақталды.

Бірақ сол сұрапыл соғыста алған жаралар тепсе темір үзетін жастың денсаулығына кері әсерін тигізгені хақ. 1986 жылдан ол кісі II топтағы соғыс мүгедегі болып танылды. Құжатында «Ранения полученные при защите СССР» деп жазылған.

Еліне елеулі, халқына қалаулы болған, ар мен намысты ту еткен, қан майданда жан беріп жан алысқан, елі үшін отқа түскен Нұраның біртуары Нағидолла Әлібеков нағыз жауқұрек жауынгер еді. Ол ел басына күн туғанда адам төзгісіз қиындықтарды басынан өткере отырып, ұрпаққа шынайы отансүйгіштіктің, ерліктің, патриотизмнің үлгісін көрсетті. Ал біздің қастерлі парыз – Алаштың осы бір қаһарманының есімін мәңгі сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу.

**Бикен АХМЕТОВА,**  
Қазақстанның Құрметті  
журналисі

АМАНАТ


# Ата қабіріне зиярат

Сонау бала кезімізден 9 мамыр Жеңіс күні бір ерекше мейрам екендігі, көше бойы қызыл жалау, құрметті ардагер кеудесінде орден мен медалі жарқырап, алғы шепте жүрген болса, ең соңында біз оқушылар қолымызға гүл мен қызыл жалау қармап, айбынды шеру қатарында жүрген, мәз болған кез кешегідей есімізде.

Сол қан майданда, шаңырағы шайқалмаған отбасы жоқ шығар, сірә?! Ұлы Отан соғысында әкелеріміз Отанмызды жаудың басқыншылығынан асқан батырлықпен және жанқиярлықпен қорғап, шынайы ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Олар қасық қанын ел үшін, атамекен жер үшін сан шайқаста соғысып, есіл жанын елінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін пидә етті. Қаһармандарымыздың аңызға айналған ерлігі – кейінгі жас бұынға өлмес онеге.

Жеңіс күні жасындаған сайын «Кімдер қалды? Қаншасы жүр екен?» деген сауалдар санамды шырмал ала береді. Өйткені, әулетімізде мақтан тұтар атамыз Алпамыс Аманжановтың майдан даласында қаза тапқанына 81 жыл толды. Әжеміз Балкен Ахметжан қажы қызы да тылдағы ауыр жұмыста талмай, балаларын жеткізіп, ел қатарлы ғұмыр сүрді. Кіші баласы Сайлау – әскери қызметте жүргенде мұрағаттан іздеу салып жүретін, ақжарқын жан. Бірде анасына: «Шешей, шалыңыз тірі екен, неміс әйелі мен 6 баласы бар екен», – деп қалжыңдапты. Сонда қайран әжеміз: «Е, аман болса, болады!» деген екен, қолына қара қағаз алса да күрсініп. Сол қаралы хабарды мөрленген құжат Сатыбалды ұлының қарашанырағындағы сандықта сарғайып жатыр. Алайда, бүгінде ұрпақ жалғасып, өмір өз арнасымен ағып келеді...

Бізге белгілісі, Ұлы Отан соғысында қайтыс болған жауынгердің көмліген жері жеке болса, мәйітті қазып елге алып кетуге болады. Егер ортақ жерде көмілсе, ескерткіш қоюға рұқсат етілген. Ресей мемле-



кетінің заңы сөйдейді. Алпамыс Аманжанов ағамыз 1943 жылдың 22 қаңтарында көршілес елдің қазіргі Белгородск облысы, Красногвардейск ауданы, Засосна елдімекенінде қаза тапқаны мәлім болды. Оны мұрағат құжаты растайды.

Жанарқа ауданы, Бидайық ауылында ағайын-туыс мекендейді. Неміс ұлттың өкілі Виталий Миллер жерлесіміз, өзі тұратын жерден шамамен 200 шақырымдай жер болуы керек, уақыт тауып, мұрағаттан майдангер ағамыздың жатқан жерін іздеп тауып, басына естелік тақтайшасын орнатты. Сол игі ниеті үшін В.Миллер жолдасқа ұрпақтары Сатыбалды немесі Алпамыс Айдос және Ұлы ұлы Жәдір мен қызы Нағима атынан шексіз алғысымызды білдіреміз. Әке жолын қуған Сайлау Аманжанов Германияда 10 жыл қызмет етіп, өмірден озды. Ата жолын қуған Қуаныш



Сурет ұрпақтарының жеке мұрағатынан

Сайлаулы да перзенті Алдиярды ертіп, Алпамыс атасының басына барып, Құран бағыштады. Бір ұыс топырағын әжесінің басына жеткізіп, көңілінде жүрген, асыл аманатын атқарды. Қайран бабаларымыз «Өлі риза болмай, тірі баймаса» деп тегін айтқан ба, шіркін! Осындай рухани азық кімге болса да, қажет! Баһадүр бабаларымыздың жатқан жері жайлы, рухы шадыман

болсын! Жаратушымыз, қандай шебер? Ал, тағдырларымызды байланыстырған уақыт атты тылсымына не дерсің! «Ешкім де ешқашан да ұмытылмайды!». Елімізде бекерек, ақсер әлемде бейбітшілік орнасын!

**Манап ЖӘДІГЕРҰЛЫ,**  
ұрпағы

# Югославия партизаны – Баянауыл қазағы

Бошай Қанапияұлы 1906 жылы бұрынғы Қаныш Сәтбаев совхозының жерінде дүниеге келген. Екінші дүниежүзілік соғыс басталған соң әскер қатарына шақырылып, Украин майданында ұрысқа қатысады. Харьков қаласы маңындағы қырғын соғыста ауыр жарақаттанып, жаудың қолына түседі. Жарақатынан айыққан соң немістің концлагерінен қашуды ұйымдастырады. Бір топ кеңес жауынгерлері тұтқыннан қашып шығып, Югославия жеріндегі Триест партизандар тобына қосылады...

Бұл партизан құрамасының ұйымдастырушысы Иосип Броз Тито болған. Кеңес адамдарынан батальон жасақтауға Тито бұйрық береді. «Кеңес адамдары біздің жауынгерлерге ерліктің үлгісін көрсетеді», – деді ол. Үш жүзден астам адамнан батальон құрылады. Дәл осы кезде Бейсен Раисов қызыл әскердің сержанты болатын. Батальонға кімді командир сайлаймыз дегенде, өзгелердің офицерлік шен-шекпеніне қарамастан, Тито Бейсенге тақтаған. Бейсеннің айтуына Тито: «Қазақ даласын 3 жыл паналадым. Бұл ұлтты жақсы білемін. Есепсіз ер емес. Қазақ есеппен, санамен соғысатын халық. Сержант болса да, батальон командирі етіп Бейсен Раисовты тағайындаймын», – депті.

Титоның бұл сенімін ақтауға Раисов та, батальондағы жауынгерлер де бар күш-жігерін салады. Әсіресе, қазақ жауынгерлері ерліктің жарқын үлгісін көрсете білді. Осы жауынгерлердің бірі жерлес ағамыз Бошай Қанапиянов еді.

Бошай туралы Раисовтың әңгімесінен: «Бошай Қанапияұлы – енгезердей қарулы жігіт. Көп сөйлемейтін, ақылды жігіт болды. Ержүрек, партизан өміріне жылдам көндікті. Батальонда арқа сүйейтін бірден-бір адам болды. Ең қиын деген тапсырмаларды орындауға сұранатын. Үнемі ұрыстарда немістің салмағы 15 килограмдық пулеметін, оның оқтарын лентасымен тұла бойына шандып алып жүретін. Бір шаршағанын көрген емеспін. Ерліктері үшін екі мәрте «Ерлігі үшін» медалімен, жоғары қолбасшының Алғас хаттарымен марапатталды.

Бошкеең 1947 жылы аман-есен елге оралып, Төрткөл колхозында көп жыл мал бағып, жоғары көрсеткіштерге жетті. Елге қадірлі, парасатты Бошай аға өмірінің соңына дейін комбаты Бейсен Раисовпен сыйласып өтті. Жылда бір-бірін қонаққа шақырып, араласқан. Бошкееңді ақырғы сапарына шығарып салу рәсіміне Бейсекен алыс жерден келді.

Күнделікті ақпарат құралдарын оқып отырып, осы бір әңгімеге бірден-бір қатысы бар мынадай мағлұматты кездестірдім. Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, белгілі жазушы Қалмұқан Исабаев соғыстың аяқталуының 65 жылдығы қарсаңында Италияның Триест қаласында 104 Кеңес жауынгерлеріне ескерткіш орнатылғанын, сол жауынгерлердің 36-сы қазақ екенін жазыпты. Сондай-ақ, 23 жасында батальон командирі болған Бейсен Раисов және бір рота фашистті жер жастандырып, ерлікпен қаза тапқан 10 қазақ жауынгері жайындағы деректерге қанық болдым.

1945 жылдың сәуір айында Гитлер: «Оңтүстік әскер Берлинді қорғауға келсін» деп бұйрық берген. Ал Тито әскерінің міндеті осыдан туындаған. Триест қаласының маңындағы Виллава өзенінен бірде-бір фашистті солтүстікке қарай өткізбеу керек.

Бұл міндетті орындауда Бейсен Раисов басқарған батальонның орны бөлек еді. Әсіресе, ағамыз өзеннің бір өткелін барлауға барып, жауға тап болған 10 қазақ жауынгерінің ерлігі ел есіңде. «Оларды бүкіл батальон болып күттік, желмеді», – деп еске алыпты Бейсен Раисов. Барлаушыларды іздеуге шықтық. Сөйтсек, барлауға барған 10 қазақ жауынгері 150 адамы бар жаудың бір ротасына тап болыпты. Көпіден өткізбейміз деп сертескен-ау, шамасы. Жаудың бүкіл ротасын қырып, өздері де мерт болыпты.

Қалмұқан Исабаевтың «Кейіннен мұндайлар болған» деген кітабы жарық көрді. Бұл кітапта Бейсен Раисов туралы кеңінен жазылған.

«Жақсыдан – шарапат» демекші, Бошай аға туралы аз ғана естелік жазбақшы болғанын, көп шындықты бетін ашып берді.

Өмірлерінің ақырғы уақытына дейін тар жердегі достықтарын жалғастырған Бошай аға мен Бейсен ағаның бір-біріне сыйластықтары – кімге болсын, үлкен онеге алатын іс...

**Жеңіс ШӘДЕТОВ,**  
Бұқар жырау ауданының  
Құрметті азаматы



• КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ ӘЛИЯ МОЛДАҒУЛОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

# Бір сұхбаттың сыры

Бұл сұхбат 2018 жылдың қараша айында алынған еді. Соның алдында ғана кейіпкеріміз – қаламызға белгілі спортшы, Балқаш қаласының дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің директоры қызметін атқарған марқұм Тілеугерей Маканалиннің Ақтөбе облысынан туыстарын тауыпты дегенді естігенбіз. Бұл жаңалық бізді де қызықтырған. Естіген жаңалығымыздың анық-қанығын және Ақтөбе сапарының мән-жайын білмеке Тілеугерей Исламұлының жұмыс орнына барып, өзімен жолығып, осы әңгімені жазып алған жайымыз бар-тын.

Сұрастыра келгенде Тілеугерейдің әкесі Ислам Маканалин (Пангерей Бершайұлы) Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың немере інісі болып шыққан екен. Мұны қалай білгенін және іздеу жұмыстарының қалай басталғанын, туыстарын тауып алуға, олармен танысып-табысуға кімдердің себепкер болғанын Тілеугерей Исламұлы рет-ретімен айтып берген.

Биыл Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толып отырғандықтан, бес жарым жылдай бұрын жазып алған дүниені оқырман қауымға ұсынуың реті келді. Тілеугерей Исламұлының көзі кетсе де, естелік болып осы сұхбаты қалды...

## «Сары дәптер» немесе әке аманаты

– Әкемнің Дәулетбай мен Жадыгерей (Задыгерей) дейтін ағаларының болғанын талай рет естідім, – деп бастады әңгімесін Тілеугерей Исламұлы. Әкемнің 1953 жылы әскерде жүргенде жазған «сары дәптері» бар. Сол дәптерде ол балалар үйіне түскен 1934 жылдан әскерде қызмет етіп жүрген 1953 жылға дейінгі 19 жылдағы өмірін, көрген қиындықтарын мен тауқыметтерін өлеңмен жазған екен. Бұл «сары дәптер» – әкемізден қалған құнды мұра. Сонда жазған өлеңінде әкем өзінің туған жерін, оның табиғатын, кімнің баласы екенін, ағалары кім, туыстары кім – бәрі түгел қамтыған. Әкем тірі кезінде өзінің руын Адай деп айтып отыратын. Содан бүкіл адайларды туыс деп жақын тұттық. Ол да кіші жүзге жататын үлкен рулардың бірі ғой. Осы күнге дейін өзімізді «адаймыз» деп есептеп келдік. Ал, шындығында, біз табын деген рудан екенбіз. Оны бауырларымызды тауып алғаннан кейін біліп отырмыз.

Жаңағы «сары дәптерде» әкем өзінің әкесінің аты Бершай, анасының аты Ханзира, ағаларының аттары Дәулетбай, Жадыгерей, апалары Жадыра, Жәкен екенін, анасы мен Жәкен апасының қалай дүниеден озғанын, өзінің балалық шағы қалай өткенін, балалар үйіне қалай түскенін баяндап жазып кетіпті.

30-шы жылдардың ортасында әкесі Бершай екі ұлын – Жадыгерей мен Пангерейді уақытша деп Ақтөбедегі балалар үйіне тапсырады. Алайда, Жадыгерей мен Пангерей аралары бір-бірінен онша алыс емес, қатар орналасқан екі бөлек балалар үйінде тәрбиеленеді. Балалар үйіне түскен уақытта әкем 5 жаста болыпты. Ал, ағасы Жадыгерейдің одан 5 жас үлкендігі бар. Екеуі балалар үйінде жүргенде бір-біріне қунара барып, кездесіп тұрыпты. Балалар үйінде әкеміздің атын Ислам, тегін Маканалин деп өзгертіп тастаған. Бір жылы Жадыгерейді басқа бір балалар үйіне ауыстырып жібереді. Содан екеуі бір-бірін жоғалтып алады. Сонда әкем балалар үйінің басшысына барып, «ағамды тауып беріңдер» деп өкіріп жылап отырып алыпты. Туған ағасынан біржолата айырылып қалуына себеп болған осы жағдай екен.

## Сарыағашта жылт еткен үміт сәулесі

Әкем өз әкесін, ағаларын көп іздеді, бірақ, таба алмай кетті. Меніңше, ол кісі әкесі мен ағаларының фамилиясын Абдуллин болып жазылатынын ұмытып кеткен сияқты. Әкемнің туғандарын іздеп таба алмағаны маған да ой салды. «Неге мен әкемнің туған жеріне барып, ең болмағанда топырағын алып келіп, қабырғасын апарып салмасқа?» деген ой көптен бері көкейімде жүрді. Бірақ бәрі Аллаһның қалауымен, «сабақты ине сәтім» дегендей, сәті түскен күні ғана болатын көрінді. Осы істің сәтін түсуіне Сарыағашта демалыста жүргенімде Саясат деген бауырыммен танысып болды. Әңгімеден әңгімеге туып, бір-бірімізді сұрастыра келгенде, ол Ақтөбеден болып шықты. «Ой, сен менің бауырым екенсің ғой» деп, оған барлық жайды айттым. «Олай болса, сіз маған руыңызды, атаңызды, әкеңіз бен анаңыздың, ағаларыңыздың аты-жөндерін жазып беріңіз, мен барған соң сұрастырып көрейін», – деді Саясат.

Біраз уақыт өткен соң хабарласты. «Аға, біздің жақта Мәжит деген 82 жастағы кісі бар, қазір шежіре жазып жатыр, білсе сол кісі ғана білуі мүмкін. Қашан келесіз, келе алсаңыз, мен сізді сол кісіге апарып жолықтырайын», – деп, телефон соқты Саясат.

«Білуі мүмкін» деп айтуына қарағанда, өзі де дудамалдау болған сияқты. Себебі, мен Саясатқа «руымыз Адай» деп айтқан едім. Ал, Мәжит аға шежіреде бір ғана Бершай бар, руы Табын екенін айтқан екен. «Тілеугерейдің іздеп жүргені сол ма, әлде басқа ма?» деп нақтысын айта алмай, жай ғана «келе аласыз ба?» деп сұрауының мәнісі сол екен Саясаттың. Ақтөбеге барып, Мәжит ағаға жолыққанымызша Саясат ол жөнінде тіс жармады.

Қазан айының бас кезінде жолдасым Майра екеуіміз Ақтөбеге жол тарттық.



Қолжазба жасаған М.Өлмесова

Онда да Майра болмай, не болса да барып, анық-қанығын біліп қайтайық деген соң жолға шықтық. Оның үстіне Майра ұшаққа мініп билетке тапсырыс беріп қойыпты. Ақтөбеге жеткен соң, алдымен Аман Ақшолоқовтың үйіне түстік. Бұрыннан танитын боксер жігіт. Анасы дастархан жайып, ас-дәмін беріп, Майраның қолына күміс жүзігін салып, бар құрметін көрсетті. Осыдан соң бізді Саясат өзі алып кетіп, Мәжит ағаға апарып жолықтырды. Ол кісінің шежіресінде Бершай, оның балалары Дәулетбай, Жадыгерей (Задыгерей), Пангерей бәрі жазулы тұр. Егер іздеген туыстарың осы болса, онда сен Адай емес, Табын руынан боласың дегені. Осы сөзді естігенде бір түрлі болып қалдым. Өйткені, ес білгелі өзімізді адаймыз деп келдік, енді міне, ойламаған жерден табын болып шықтық. Шынымен де күмәнданып қалдым. Күмәнданатын да жөнім бар, өйткені шежіредегі Пангерейде, екі бала жазулы тұр, аттары Мұрат, Жұбатқан.

«Сенбей тұрсаң, Өрбісін мен Жадыгерейдің балаларының телефондарын берейін, бұл мәліметтерді берген солар» – деп, Мәжит аға әуелі Өрбісіннің немересі – Амандәулеттің ұлы Еркіннің телефонын берді. Ол бізге немере ағайын болып келеді екен. Еркін бізге Жадыгерейдің баласы Орынгерейдің телефонын берді. Орынгерейге телефон шалып, «мен сенің әкең Жадыгерейдің інісі Пангерейдің баласымын» – деп едім, суық амандасып, іш тарта қойған жоқ. Телефонды қоя салды.

Еркін бұдан соң әкемнің немере бауыры болып келетін Алпысбайқызы Гайнидиді, атам Бершайдың інісі Мұқаштың немересі – Жүмагерейқызы Қунзипаның телефон нөмірлерін берді. Қунзипа апаймен сөйлескенімде, бұл жаңалықты естіп, шынымен ойлашып қалды.

Мен хабарласқан күннің ертеңіне Орынгерей қайтадан телефон соқты. «Аға, кешіріңіз, мен кеше түсінбей қалдым, сіз нағыз Пангерейдің баласы болсаңыз ба?» – дейді. «Нағыз Пангерейді қалай?» – деп едім, ол барлық болған жайды айтты.

Бәрі былай болған екен. Оны Орынгерейден кейін хабарласқан Алпысбайдың немересі – Гайни Нармұхамбетқызы деген немере апамыздың «уатсап» арқылы жазып жіберген хатынан оқып білдім. Ол біздің атамыз Бершайдың Пангерейді қалай асырап алғандығы жөнінде әкесі Нармұхамбеттен естіген әңгімесі еді.

Пангерейінен айырылып қалғаннан

кейін, Сыр бойындағы «Зәгөл» дейтін жердегі Өрбісіннің ұлы Көшербай деген туысын паналап барған Бершай атамыз баласын біраз уақыт іздептіреді, бірақ таба алмайды. Сол уақытта Арыс қаласына базарлап барып келіп жүрген Өрбісіннің інісі Алпысбайдың баласы Нармұхамбет деген немере ағасынан ба, әлде Көшербайдың өзінен бе, біреудің үйінде Пангерейге ұқсайтын балалар үйінен асырап алған бір жетім баланың жүргенін естиді. Деруу жаңағы айтқан кісіні жанына алып, баланы барып көреді. Пангерейдің бір жерінде қалы болса керек, бірақ жаңағы балада қал болмай шығады. Сонда да қоймай, ол баланы өзімен алып, оған Пангерей деп ат қояды. «Бұл Панге-

ымызға ерекше рух берді. Содан кейін әкемнің аманатын орындап қайтайын деп, туған жерінің қоғалына аунап, бір уыс топырағын өзіммен алып қайттым. Аруақтарға құран бағыштап оқытып, сол жерде мал сойып, ас бердік.

## Қазақтың батыр қызы – біздің әкеміз

Әкем Пангерей (Ислам) бізге ылғи да «Қазақтың батыр қызы атанған Әлия – біздің апамыз» деп отыратын. Ол сөзіне аса мән бермесек те, құлағымызға әбден сіңген.

Шежірені қарап отырсаң, Әлия мен менің атам Бершайдың арасы үш-ақ ата екен. Таратып айтсақ, Жарықпап деген бабамыздан Темірбай, Қазыбай, Матай деген үш ұл туған. Қазыбайдан Бершай атамның әкесі Абдолла да, Матайдан Сарықұл, одан Нұрмұхамбет туған. Бұл кісі Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туған әкесі. Осы шежіреден танып-білгенімиздей, Абдолла мен Сарықұл екі ағайынды кісінің – Қазыбай мен Матайдың балалары. Абдолланың немересі – менің әкем Ислам (Пангерей), Сарықұлдың немересі – Әлия Молдағұлова.

Әлия Молдағұлованың нағыз әкесі Нұрмұхамбет Сарқұлов, анасының аты – Маржан. 1922-1932 жылдары Нұрмұхамбет Сарқұлов байдің тұқымы деп айыпталып, он жылдың ішінде үш-төрт рет сотталады. Қобла, Қарағанды түрмелерінде отырған кездерінде, жолдасы Маржан мен қызы Әлия, ұлы Бағдат үшеуі Ақтөбеге жақын орналасқан Қурайлыдағы жақын туысы Өрбісіннің үйін паналайды. Сол кезде осы ауылда Әлияның үлкен әжесі, Әубәкір Молдағұловтың анасы Тәжен апа тұрған. Сол жылдардағы аштықта халық өңештен өткеннің бәрін тамақ қылып жатады. Орыстарда көкөніс бар, картоп егеді. Қазақ отбасы оны да кәсіп етпеген. Әлгі айтқан орыс ағайындардың жинап кеткен егісіне келіп, картоптың келдігін тереді. Сондай күздің қара суығында келдек теріп жүргенде Маржан бау-бақша күзетшісінің оғынан мерт болады.

Шешесінің қазасынан кейін Әлия Тәжен апаның қолына тапсырылады. Осы үйдің тәрбиесінде болғандықтан, «Әлия Молдағұлова» атанып кетеді. Әлияның әкесі Нұрмұхамбет әкеміз түрмеден босап шыққан соң, қызын іздейді. Әлияның қазасын естігенде төсек тартып жатып қалады. Кейіннен алтын жалатылып жазылған грамотасы келгенде, Нұрмұхамбет қайтадан жасарып, «шаңырағым құлады деген ем, менің өлгенім тірілді, шаңырағым қайта тұрды» деп Аллаға разы болып өмірден өткен екен.

Менің әкемің де, Әлияның да туған жері – Бұлақ (Бескопа) ауылы. Әлия 1925 жылғы, Жадыгерей де 1925 жылы туған, ал менің әкем 1930 жылы дүниеге келген. Бұлар бәрі бір-бірі жақсы білген, бала кездерінде бірге ойнаған. Тағдырдың жазуын көрмейсің бе, бәрі бір ауылда туғаныммен, жан-жаққа тарыдай шашырап кеткен. Әлия болса, соғыста ерлікпен қаза тапты. Дәулетбай да майдан даласында оққа ұшыпты. Менің әкем болса, Балқашта. Ал, Жадыгерей Алматы маңындағы Елтай ауылына тұрақтаған екен, сүйегі сол ауылда жерленген.

Осы мәліметтердің барлығын сексен төрт жылдан кейін естіп-біліп жатырмыз.

## Әкеме де туған жерінің бір уыс топырағы бұйырды

Алла Тағала әкеміңіз мәңгілік мекеніңіз туған жеріңіз бұйырмаса да, өзінің аунап-қунап, асыр салып өскен, балалық шағы өткен қасиетті жерінің бір уыс топырағын жамылып жатуды нәсіп етті. Олай дейтінім, қараша айының 7-і күні Орынгерей бауырым Балқашқа келіп, біз әкеміңіз туған жеріңіз өзім барып алып келген топырақты қабырғасын апарып салдық. Соңынан ағайын-туыстарды жинап, ас бердік. Орынгерей де Балқаштағы бауырларымен қауышып, жақынырақ танысты. Екі-үш күн әңгімемізді айтып, арқа-жарқа болып қалдық. Сексен жылдан кейін іздеп тауып, табысқан Бершай атамның жан-жақтағы ұрпақтары, міне, осылайша бір-бірімізбен қимай-қимай қолтастыра қала бердік. Орынгерей біздің туысқандық ыстық сәлемімізді алып, өзі тұрып жатқан Алматы маңындағы Елтай ауылына жол тартты.

Орынгерейді шығарып салып тұрғанда бұрынғы бір әнде айтылатын өлең сөздері есіме түсті: «Бірге тұмақ болса да, бірге жүрмек жоқ екен». Расында да, солай-ау. Орынгерейдің әкесі мен менің әкем бір әке, бір анадан туса да, бірін-бірі жоғалтып, екі жақта өмір сүрді. Сол заманның зұлмдық әрекетінің кесірінен олардың тағдырлары осылай болды. Бір-бірін ұзақ жылдар бойы іздеді, таба алмады. Енді бізден кейінгі ұрпақтар бір-бірін жоғалтпаса екен. Менің бар тілегім осы...

Жазып алған Қуандық СӘДЕНОВ

БАЛҚАШ

• «ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ»

# Ерлікке тағзым етейік

Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-лицейінде «Ерлікке тағзым» циклі бойынша 8-9 сынып оқушыларымен Қазақтың батыр ұлы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында «Қазақтың қаһарман перзенті» атты музей сабағы өтті. Мақсат – ұлы тұлғаның ерен еңбегін, болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге ету, тағылымды өмір жолын таныту.

Сағадат Нұрмағамбетов – Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі. Азат елдің қаһарманы деген айрықша атағын алғаш алған даңқты әскери қолбасшы 21 жасында-ақ Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған, кейін бар ғұмырының елдің әскерін жасақтауға арнаған тұлға. Даңқты батырдың өмірі жайлы қысқаша бейнебаян мектеп оқушыларына ерекше әсер етті. Қазақтың қаһарман ұлы жайындағы өнеге боларлық естеліктерді осы жолдардың авторы алға тартты. Халық Қаһарманы Сағадат Қожахметұлы – еліміздің тәуелсіздігі мен тыныштығын сақтауға үлкен үлес қосқан ұлы қайраткер. Сағадат Қожахметұлының жастық шағы Ұлы Отан соғысымен қатар келді. Жас кезінде Сағадат Нұрмағамбетов география және тарих пәндерінің мұғалімі болуды армандаған. Болашақ генерал әлем картасын өте жақсы меңгереді. Ол кез келген елдің тарихы мен жер ерекшелігін жетік білген. Сайыпқыран Сағадат Ұлы Отан соғысы кезінде Еуропа елдерін



жаудан азат етті. Белоруссия, Солтүстік Кавказ, Украина, Молдавия, Польша, Германия майдандарында соғысқан. Польша жеріндегі жанқиярлық ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Ол кезде Сағадат Нұрмағамбетов небары 20 жаста еді. Сағадат Нұрмағамбетов 1946-1949 жылдары аралығында Мәскеудегі Фрунзе атындағы әскери академияның бітіріп, Орта Азиядағы Түркістан әскери округінде полк басқаруға жіберілді. Кейін әртүрлі штабтық командалық лауазымдарда оның ішінде, Қазақ КСР-інің азаматтық қорғаныс штабының бастығы, Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Оңтүстік топ әскерлері қолбасшысының бірінші орынбасары қызметін атқарды. КСРО Қарулы күштері бас штабының академиясындағы курстарда білім алды. Батыр Германияда Гитлер канцеляриясын шабуылдауға қатысып, Берлинде соғыстың аяқталғанына куәгер болды. Қазақ халқының біртұтас ұлы соғыстан кейінгі бар саналы өмірін әскери қызметке арнады. Еліміз егемендік алған 1991 жылы Мемлекеттік қорғаныс комитетін басқарып, 1992-1996 жылдар аралығында Қорғаныс министрі қызметін атқарды. Елдің ұлттық қауіпсіздігінің дамуына қосқан еңбегі үшін 1994 жылы Сағадат Нұрмағамбетовке Халық Қаһарманы атағымен қатар №1 «Алтын Жұлдыз» ордені берілді. Генерал Сағадат Қожахметұлы егемен елдің тарихындағы тарихи тұлға айналды.

Ол 1991 жылы Қазақстан Президентінің Жарлығымен мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы қызметіне кіріседі. Тәуелсіз елдің әскери құрамын жасақтауда өлшеусіз үлес қосты. 1995 жылғы қарашада армия генералы атағымен отставкаге шығып, Қазақстан Президентінің кеңесшісі болды. 2013 жылдың 24-ші қыркүйегінде Сағадат Нұрмағамбетов 90 жасқа қараған шағында өмірден озыды. Міне, осындай ұлы тұлға бірінші Қорғаныс министрі, бірінші Халық Қаһарманы, Қазақстан Республикасының бірінші армия генералы, барлық жерде де, кез келген істе де, бірінші болған нағыз қаһарман ұлы тұлға.

Музей сабағы соңында болашақ әскери мамандықты таңдаған оқушыларымызға халқымыздың атақты батырлары жайында сұрақтар беріліп, балалардың Сағадат Нұрмағамбетов жайындағы көрген-білген, естігендері жайлы сауалдарға арнайы жауаптар алынды. Берілген сұрақтарға оқушылар нақты әрі тура дәлдікпен дұрыс жауаптар бере білді.

Құрманшәді ОРАЗЫМБЕТОВ, Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығының ғылыми қызметкері

## Құттықтаймыз!



Қарқаралы қаласының тұрғыны, ауған соғысының ардагері, қанды көйлек досымыз, ауған соғысы ардагерлер кеңесінің төрағасы **Нұрлан Омарұлы ӘУБӘКІРОВТІ** асқаралы 60 жас мерейтойымен және Отан қорғаушылар мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Жауынгер жолдасымыз 1964 жылы 8 мамырда 1-Май совхозының Жаңанегіз бөлімшесінде дүниеге келеді. 1980 жылы Қарқаралы қаласындағы №5 орта мектептің 8-сыныбын бітіріп, СПТУ-ға түседі. Осы жылы әскер қатарына шақырылады.

Горький қаласында алты айлық курстан өтіп, Ауған Халық Республикасында өзінің интернационалдық борышын өтейді.

Батыл да батыр, ерік-жігері мол азамат өзінің Отан алдындағы борышын зор жауапкершілікпен атқарды. «Жауынгерлік еңбегі үшін», «СССР Қарулы Күштерінің 70 жылдық мерекесі», Ауғанстан халқының «Құрмет» медальдарымен марапатталды. Бойындағы елге, жерге деген патриоттық сезім Нұрлан Омарұлының Отан алдындағы абыройы, жолдастары алдындағы беделі оның бойындағы асыл қасиеттерінің бірі.

Ардақты Нұрлан Омарұлы, Сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін аяулы азамат, аға ретінде жақсы білеміз. Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз.

Құтты болсын қуанышты күніміз,  
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.  
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,  
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз  
Үлгі болған үлкенге де, жасқа да,  
Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да.  
Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік,  
Қуатыңыз таусылмасын 100 жаста да!

Ізгі тілекпен: Қарқаралы ауданы ауған соғысы ардагерлері №167

### Е.Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-жәкікерлік және цифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Жәкікерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Түризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құрлықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Жәкікерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесіні заңдық қамтамасыз ету», «Әже құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл. лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

№155

## ТАҒЫМ

## Есімі ескірмейді ел есінде

«Құдай тағала дүниені кәмәлатты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-өссін деп жаратқан. Сол өссін-өну жолындағы адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды – әуелі дос көбейтпек...»

АБАЙ

«Ана құрсағынан келдік базарға, бір кебін алып қайттық мазарға» деген мақал өмірдің жалғандығын керемет жеткізген.

Адам баласының бұл дүниеден өткенде, өзімен бірге еш нәрсе алып кетпейтіні шындық. Пайғамбарымыздың хадисінде мына үш істің сауабы иесіне үздіксіз жетіп тұрады, олар: садақа жария, пайдалы ілім, артынан дұға қылатын ізгі ұрпақ. «Артынан дұға қылатын ізгі ұрпақ» тәрбиелеу – ата-ананың ең маңызды міндеттерінің бірі. Демек, біздің қайтыс болған марқұмдарға жасайтын жақсылығымыз – оларға қайырлы дұға етіп, күнәларының кешірілуін тілеу.

Бұл жалған дүниеге кім келіп, кім кетпеген дейміз. Дегенмен өмірден озғаннан кейін де халықтың жадында көрікті мінезімен, тіршілігінде істеген жағымды тірлігімен есте қалған кісіні қай кезде де еске алу – оның көзін көрген жандар үшін парыз.

Үстіміздегі жылдың сәуір айының 4 жұлдызында аты Шет өңіріне белгілі, ауданның ішкі істер бөлімінің дамуына сүбелі үлес қосқан құқықтану саласында халықтың тыныштығын қамтамасыз етуге аянбай еңбек еткен, Арқаның арқалы азаматының бірі Рымтай Айтжанұлы 82 жасқа қараған кезінде жарық дүниеден бақилыққа аттанды. Рымтай бауырымыздың мәңгілік мекеніне жайғасқанына да 40 күннің жүзі болды.

Айтжан әкеміз кіші жүздің Табын тарауынан. Өте еңбекқор, ұстамды, сабырлы, ортаға сыйлы азамат болған. Азамат Күләймен Рымтаймен қоса Тишжан, Тәңірбергелдердің өсіп, ержетіп, білім алуына мейлінше қамқорлығын аямаған абзал жандар еді.

Рымтай 1942 жылдың мамыр айының 15 жұлдызында Ақсу-Аюлы ауданында дүниенің есігін ашқан. Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте 9 сыныпқа дейін бірге оқыды. Денсаулығына байланысты 10 жылдық мектепті бізден кейін 1960 жылы бітірді.

Еңбек жолын аудан орталығында мал дайындау мекемесінде жұмыс істеуден бастайды. 1963 жылы Қарағанды қаласында Совет аудандық ішкі істер бөлімінде қатардағы милиционер болып қызметке кіріседі. 1964 жылдан қызметін Шет аудандық ішкі істер бөлімінде жалғастырады. Аға уәскелі инспектор, аға тергеуші, жедел көзекші лауазымындағы қызметтерді абыроймен атқарып, 1992 жылы «милиция майоры» шенінде зейнеткерлікке (отставкаға) шығады.



1989 жылы КСРО ІІМ Қарағанды жоғары мектебін заң мамандығы бойынша тәмамдады.

Өрі қарай Қарағанды, Астана қалаларында адвокаттар коллегиясының мүшесі болып, азаматтық және қылмыстық істер бойынша алдына келген сотталушылардың тағдырын заң талаптарына сай оң шешілуіне өзінің біліктілігімен, тиянақтылығымен пәрменді қолдау көрсетіп, ұзақ жылдар бойы 25 жылдан астам 2019 жылға дейін қорғаушы лауазымында абыройлы қызмет атқарды.

Рымтай Шет аудандық ішкі істер бөлімінде еңбек еткен жылдары өзіне ұстаз ретінде санайтын бірталай аға буынның өкілдерімен сыйластықпен қызмет атқарғанын жиі есіне алып отыратын. Олар: Досжан Бекенов ұзақ жылдар бойы басшы болған. Малғаждар Даданбаев, Дәулет Түсіпбеков, Серікбай Адамбеков, ПБ басшылары: Жұмал Балықов, Әшім Әміров басшының орынбасарлары: Біләл Өтегенов, Қайыпбай Мәтінбеков, Шәйкен Әлгожин, Исак Жолғұттин, Әміргали Қызылов, Қайрат Дүйсенбеков сынды азаматтармен бірлесіп еңбек етіп, аудан халқының тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтауға уақытпен санаспай аянбай атсалысып, әрдайым алдыңғы қатарда болып аудан тұрғындарының алғысы мен ризашылығына ие бола алды.

Рымтай аудандық ішкі істер бөлімінде бірталай кейінгі буынның әріптестерімен достық қатынаста жауапты қызметтерді бірге атқарды.

Саланың ардагері Рымтай Айтжанов бүкіл саналы ғұмырын ішкі істер бағытына сапалы қызмет жасауға арнады. Ұзақ жылғы еңбегі мемлекет тарапынан әр жылдары бағаланып, ішкі істер министрлігінің «Қалтқысыз қызмет еткені үшін» III,

II, I дәрежелі, «Еңбек ардагері» медальдарымен және Жезқазған облыстық ПБ бастығының бұйрығымен «Милицияның үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Рымтайды маған таныс адами болмысы мен кісілік қасиеттеріне тоқтала кетейін.

Болмысы – турашыл, орнықты, тілегі – адал, жүрегі – таза, көңілі – ашық, мінезі – қатал, әрекеті – адал, жауапкершілігі – мол. Осындай адамдар ғана ел есінде мәңгі сақталады.

Айтжан әкеміздің басты мақсаты баласы Рымтайды ерте аяқтандыру болатын. Соған орай Рымтай небәрі 19 жасында бұрынғы Ворошилов қазіргі Бұқар жырау ауданының «Жастілек» ауылының тумасы Бақыт Ақуанқызы Мухтаровамен шаңырақ көтерді. Бақыт өмірге 4 ұл, 2 қыз бала әкелген алтын құрсақты аяулы ана. Қазақ атам айтады ғой: «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жанындағы құрақ» деп бүкіл тәрбиенің бастауын осы сөзге сыйғызған.

Рымтай мен Бақыттан Сауле, Қайрат, Дәулет, Дана Қуандық балалары дүниенің есігін ашып, ата-анасының арқасында ержетіп, білім алып, өмір жолында өз таңдауларын жасап, еңбектеніп, халыққа қызмет жасап, отбасын құрып, бүгінде ұрпақ сабақтастығын жалғастыруда. Қайрат пен Дәулет әке жолын қуып, құқық қорғау саласында табанды қызмет атқарды. Қайрат Астана қаласының судьясы. Дәулет ұзақ жылдар бойы облыстық, республикалық деңгейде лауазымды басшылық қызметтерді абыроймен атқарды. Бүгінгі күні Рымтайдың 10 немересі мен 9 шөберелері өсіп, ержетіп келеді.

Рымтай мен Бақыттың ұл-қыздары ұяда көрген тәрбиенің арқасында елге сыйлы, әкенің істерін жалғастырып халықтың ризашылығына бөленуде. Мұның бәрі әке атты мектептің жемісі деп білеміз. Әкелерінің жолын жалғап, атын өшірмей, абыройын асқаттарында ешқандай күмәніміз болмас. Рымтай досымыздың жүріп өткен жолы, ұрпағына берген тәрбиесі – көпшілікке өмірге шынайы көзбен қарап, бой түзеу, тағылым алып, өнеге ететін өмірдің озық үлгісі болмақ.

Бұл өмір, тағдыр өз дегенін жасайды. Өлімнен ешкім қашып құтылған емес. Рымтай өлген жоқ, тек өмірден озды. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді дана халқымыз. Еңдеше, Рымтай да мың жасайды. Шүкіршілік, артында әулеті, ұрпағы бар іздейтін, сағынатын. Аты ескеруісіз қалмайды. Есімі ескірмейді ел есінде.

Рымтай досымызға 40 күнге арналған ас, оқылатын дұға Алланың қалауымен қабыл болсын. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, рухы жұмақта шалқысын!

Боранбай ЖҰМКИН,  
Шет ауданының Құрметті азаматы

№163

## ҚҰРМЕТ

## Мың тағзым сізге, ардагер!

Ұрыс даласында мұз жастанып, қар төсенген бабалардың ерлігі ұрпаққа – ұран. Майдада қарша бораған оқтың ортасында ерліктің өшпес үлгісін көрсеткен ардагерлер ел жадында мәңгі сақталады. Жеңіс үшін жанқиярлық еңбек еткен тыл ардагерлері де Жеңісті бар күш-жігерімен жақындатты.

Мереке қарсаңында Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланы 5451 әскери бөлім командирінің міндеттерін уақытша атқарушы подполковник Жеңіс Асилбеков және Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің орынбасары Алмагүл Есімбаева тыл ардагерлері Рауза Хабибулова мен Татьяна Дорошконны арнайы құттықтап қайтты. Бөлім командирі, подполковник Рауан Омаров мерекелік арнайы Алғыс хат пен гүл шоқтарын табыстады.

– Өрбір елдің басты міндеті – тарихын сақтап қалу. Тарих



бетінде мәңгілікке сақталған Ұлы Жеңісті әперген ардагерлер барша құрметке лайық. Ұлттық

ұлан жыл сайын «Біз – жеңістің мұрагерлеріміз» акциясы аясында әрбір ардагерге арнайы құрмет көрсетеді, – дейді бөлім ко-

мандирінің орынбасары міндетін атқарушы майор Марат Таубаев.  
**Өз тілішімізден**

## Жастар акцияны қолдады

Приозерск қаласында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы «Жасыл аймақ» атыуымен жалғасын тапты. Осыған орай, туған өлкесін түлетуге атсалысып жүрген белсенді жастар тал етіп, акцияға қолдау білдірді.

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен қатар, қала тұрғындары, белсенді жастар ескерткіш аумағын қоқыстардан тазартып, ондағы ағаш дінгектерін әктеп, сырлады.

Акцияны ұйымдастырушылар қала аумағына 450 қарағаш пен терек көшеттерін екті. Одан



бөлек, көпқабатты үйлердің маңын көгалдандыруға келген тұрғындардың өтініші бойынша көшеттер беріледі. Шаһар тұрғындары жастардың белсенділігіне ризашылықтарын білдіріп, алғыс айтты. Көптен бірге атқарылған жұмыс көңіл қуантты.

Бұдан бөлек, Приозерск қаласында мыңға жуық ағаш егілгенін атап өткен жөн.

ПРИОЗЕРСК

## Тыңдарман әншісімен кездесті

Ердің жасы елуге толған дарынды әнші, Қазақстан Республикасының Мәдениет саласының үздігі, Қ.Байжанов атындағы облыстық филармонияның әншісі Ержан Базарбековпен «Әуенімен қалықтаған Біржан» атты кездесу кеші өтті. Кездесу қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің қолдауымен Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің кітапханасында өтті.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу Қарағанды қаласының 90 жылдығына орай қолға алынған «90 жылдыققа – 90 кездесу» атты жоба аясында ұйымдастырылды.

Кешке ақын, өнертанушы Жүмкен Кәрімұлы, Қарағанды қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Фабиат Тұяқов, ардагерлер кеңесінің мүшелері, Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің студенттері мен оқытушылары, «Өрлеу» педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының оқытушылары қатысты. Қатарда кітапхана оқырмандары да бар.

Кездесу барысында Ержан Базарбеков өз шығармашылығы бойынша оқырмандармен пікір алмаса отырып, сөз арасында ән орындады.

– Құрметті тыңдармандар және кітапхана оқырмандары, баршаңызға алғысымды білдіремін! Өнер – адам баласын көркем әлемге жетелейді. Өнерді сүйген адамның жаны таза болатынына бек сенімдімін. Қазақтың классикалық әуенін тындап, әдебиетін оқып, мына қарбалас өмірге басқа көзбен қарауға болады. Жалпақ жалғанға қазақ болып қарағанға не жетсін! Қазақтың әуенінен даланың дауысын естисіз, жүрегіңіз рахатқа бөленеді. Сіздермен сұхбаттасып отырып, толқығанымды жасыра алмаймын. Өңшіні тыңдарманы іздеп келсе,



сол үлкен бақыт. Өмір, соның ішінде, өнер жолында жүріп, білген-түйгендерімді сіздермен бөлісу – бір ғанибет. Өнерді бағалаған адамды қадірлейтін еліміз, – деді Ержан Базарбеков.

## БІЛІМ

## Ұстаз болу – жүректің батырлығы

2 мамыр күні академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде «Жоғары мектеп педагогикасы» пәнінің магистранттары арасында университеттің профессор-зерттеушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Салтанат Қуатовна Абилинаның ұйымдастыруымен «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» педагогикалық шеберханасы өтті. Ерекше формат-

тағы іс-шара білім алушылардың алған білімі және тілегі жайлы бейнемаатериалдан бастау алып, «Үздік лектор-магистрант», «Үздік практик-магистрант», «Ең заманауи магистрант», т.б. номинацияларын педагогика ғылымдарының докторы, профессор Салтанат Қуатовна Абилинаның ұйымдастыруымен «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» педагогикалық шеберханасы өтті. Ерекше формат-

берілді. Өз білімімен сусындатқан ардақты ұстазымыз Салтанат Қуатовнаға ықыласымызды білдіре отырып, оқытушымыздың өлең жолдарымен аяқтайтын:

Құрмет тұтып білім менен өнеріңді ел,  
Алғысына халықтың бөленіңдер.

Айару ДӘУЛЕТ  
№162

**Жарнама бөлімінің байланыс телефоны 43-21-55**

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі, Қарағанды қаласының қалалық және аудандық ардагерлер кеңестері еңбек ардагері, «Шахтер даңқы» белгісінің толық иегері, Қарағанды облысының құрметті ардагері **Виктор Яковлевич ЧАЙКАНЫН** қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туысқандары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.



# Жеңіл атлетика ешқашан жеңіл болмаған

Биыл Қарағандың қала мәртебесін алғанына – 90 жыл. Ұзақ жылдардан бері қала халқымен бірге жасасып, дәстүрлі өтіп келе жатқан облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің жеңіл атлетикадан 77 дәстүрлі эстафетасы Тұтқыр композициясы маңында биыл да дүбірлеп өтті. Кеншілер шаһарының мерейтойы аясында Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Жеңістің 79 жылдығына арналған ауқымды жарысты қала әкімдігі, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы һәм «Сағуақа Ақрағат» медиахолдингі бірлесіп ұйымдастырды.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Эстафетаға оқушылар, студенттер, спорт клубтарының өкілдері, мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, қаржы мекемелерінің, күштік құрылым қызметкерлері, ардагерлер және әуесқой спортшылар (медициналық анықтама бере отырып) қатысты.

Жас ерекшелігіне қарай 15 топтан тұратын жарыстардың әрқайсысы 10 кезеңге бөлінген. Оның тоғызғы 300 метрден болса, оныншысы – 600 метр. Командадағы 10 адам бірігіп, 3 300 метр қашықтықты аз уақыт ішінде жүгіріп өтуге күш салды. Ерлер мен әйелдер бөлек топтарда өнер көрсетті. Жалпы, эстафетаға 202 команда сапында 2085 адам қатысты.

– Биыл Қарағанды қаласына – 90 жыл, мәслихаттың құрылғанына – 30 жыл. Спорт-



студенті Анна Шумила. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Қарағанды қаласының 90 жылдығы құрметіне орай арнайы құйылған медаль, кубок және мақтау қағазымен марапатталды. Спорт ардагерлері мен «Достық» жарысына қатысушыларға естелік сыйлық пен мақтау қағазы тарту етілді. Ал, бірінші кезеңнің жеңімпаздары облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің естелік сыйлығына ие болды.

– Бұл эстафетаға 1970 жылдан бері тұрақты түрде қатысып келемін. Биыл екінші орын бұйырды. Шет ауданының тумасымын. 28 жыл кенші болдым. Қазір



Алдымен, Мемлекеттік әнұран орындалды.

Жиынның салтанатты ашылуында қала әкімінің орынбасары Ләззат Ақылжанова, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, облыстық мәслихаттың депутаты, Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат колледжінің директоры Ерден Халилин, «Сағуақа Ақрағат» медиа-холдингінің директоры Қайрат Әбілда, облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы Оксана Мягких, Жеңіл атлетика ардагері Валерий Иванович және басқа да құрметті қонақтар сөз сөйлеп, эстафетаның тарихы мен маңызына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Спортпен айналысқан адамның дені сау болады. Қазақ «Төні саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған. Эстафетаның сәтті өтуіне тілектеспін, – деді қала әкімінің орынбасары Ләззат Ақылжанова. Эстафетасының бас төрешісі Александр Колмыков биылғы жарыстың ерекшелігіне тоқталды. Кезеңдер саны өзгеріссіз қалса да, қатысушылар топтары нақтыланып, бөлінген. Желаяқтар жарыста тең мүмкіндіктерге ие болатындай етіп ойластырылған.

– Мектепте оқығанда, студент кезінде қалада эстафета өтті. Көбіне 400, 500 метр қашықтыққа жүгірдім. Бірнеше рет жеңіске жеттім. Біраз тәжірибе жинадым. Қарсыластар да мықты болды. Дәстүрлі шараның тоқтап қалмай, 77 жылдан бері жалғасып келе жатқаны қуантады. Қарағандылықтардың бірнеше буын ұрпағы эстафетамең қатар өсіп жетілді. Мүмкіндігінше, қатысушылар санын көбейту керек, – деп атап өтті Александр Колмыков.

тық шаралардың барлығы жастар үшін ұйымдастырылды. Өйткені, Қазақстанның болашағы – өсіп келе жатқан балаларымыз. Мұндай спорттық шаралар нашақорлыққа, тәртіп бұзушылыққа, жаман әдеттерге қарсы күрес болып есептеледі. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, еліміздің болашағы елің, жерің сүйегің, мықты, күшті жастардың қолында. Жарыста мықтылар жеңсін, – деді облыстық мәслихаттың депутаты Ерден Халилин.

Алғашқы «Достық» жарысын бірінші болып спорт ардагерлері, жүйріктер, мүм-

татормын. Олардың дайындалып келгені, спортпен шұғылданатыны көрініп тұр. Жетекшілері бірге болды. Мәре сызығын бірге кесті. Ересектер тарапынан осындай қолдау болғаны көз қуантады, – деп атап өтті Ирина Ившина.

Азатқұл Шәпшекеева сөре сызығына церебральды сал ауруына шалдыққан тоғыз жасар ұлымен бірге шықты. Ұлын арбамен алып жүрді.

– Бізге басқа қатысушылармен тең дәрежеде бәсекелесуге мүмкіндік бергені үшін ұйымдастырушыларға алғыс айтамын. Ұлым екеуіміз мықты екенімізді және бәрін жеңе алатынымызды тағы бір рет көрсеттік. Өзім бөчече және жеңіл атлетикадан жаттықтырушымын, ұлым да күн сайын дене шынықтырумен айналысады, – дейді Азатқұл Шәпшекеева.

Бұл қашықтықта екінші деңгейлі банк филиалдарының бірінің өкілі Саят Әскеров мәреге бірінші жетті. Бұл – оның дәстүрлі жарысқа алғаш рет қатысуы.

– Әрқашан өзімді жақсы физикалық формада ұстауға тырысамын. Бірақ соңғы бірнеше жүз метрі қиын болды. Жеңгеніме қуаныштымын. Енді, бұл эстафетаның тұрақты қатысушысы боламын, – деді ол.

20 команда бақ сынаған келесі жарыста №11 орта мектептің, №20 мектеп және №60 орта мектеп оқушылары жеңімпаз атанды.



кіндігі шектеулі спортшылар, этномәдени бірлестіктер өкілдері, облыстық ҚХА Аналар кеңесі, ҚО ҚХА Кәсіпкерлер қауымдастығы, басқа да спортсүйер қауым басталды.

– Жеңіл атлетика жарысына мүмкіндігі шектеулі балалар да қатысты. Соңғы 20 жыл бойы осы турнирге төреші-коммен-

Эстафетаға қатысқан 202 команданың 113-і – ерлер, 89-ы – әйелдер. Ең көп және белсенді топты жалпы білім беретін мектептердің оқушылары құрады.

Таңертең басталған желаяқтар бәсекесі тұс ауа мәреге жетті. Биылғы қатысушылар ерекше дайындықпен келіпті.

- Нақтырақ айтсақ, орта мектептердің ұлдары арасында:**  
 I орын – №45 орта мектеп,  
 II орын – №101 мектеп-интернаты,  
 III орын – №3 гимназия;  
**Орта мектептердің қыздары арасында:**  
 I орын – №45 орта мектеп,  
 II орын – №3 гимназия,  
 III орын – №93 орта мектеп;  
**Негізгі орта мектептердің ұлдары арасында:**  
 I орын – №11 орта мектебі,  
 II орын – №20 орта мектебі,  
 III орын – №60 орта мектебі;  
**Негізгі орта мектептердің қыздары арасында:**  
 I орын – №64 орта мектебі,  
 II орын – №64 орта мектебі,  
 III орын – №11 орта мектебі;  
**Колледж студенттері арасында (ұлдар):**  
 I орын – Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжі,  
 II орын – «BOLASHAQ» колледжі,  
 III орын – «Жас Ұлан» – I республикалық мектебі;  
**Колледж студенттері арасында (қыздар):**  
 I орын – Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжі,  
 II орын – «BOLASHAQ» колледжі,  
 III орын – Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі;  
**Өндірістік бригадалар арасында (ерлер):**  
 I орын – «FEZA PLAST KZ» ЖШС,  
 II орын – №1 «QARMET» өндіріс компаниясы,

- III орын – «KAZ-Metiz» ЖШС;  
**Ұйымдар мен спорт клубтары арасында (әйелдер):**  
 I орын – Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі  
 II орын – Қарағанды Медицина университеті  
**Ұйымдар мен спорт клубтары арасында (ерлер):**  
 I орын – «KazProfTrans»  
**«Ішкі істер министрлігі, ҚР Қарулы Күштер, Төтенше жағдайлар министрлігі, жүгіру клубтары» арасында:**  
 I орын – БАРЫС СОБР  
 II орын – Төтенше жағдайлар министрлігі (өрт сөндіру және төтенше жағдайлар қызметі)  
 III орын – Buketov Runners;  
**Жоғары оқу орындары, колледждер, Ә.Молдағұлова атындағы спорт мектеп-интернаты арасында (ерлер):**  
 I орын – Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжі,  
 II орын – Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті,  
 III орын – Қазтұтынуодағы Қарағанды экономика университеті;  
**Жоғары оқу орындары, колледждер, Ә.Молдағұлова атындағы спорт мектеп-интернаты арасында (қыздар):**  
 I орын – Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжі,  
 II орын – Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті,  
 III орын – Қазтұтынуодағы Қарағанды экономика университеті өкілдерінің еншісінде.

Жеңіске деген құлшыныстары көз қуантады. Командалар жұмыла жүріп, бірлігін, спортқа құштарлығын танытты. Белгіленген төрешілер әр команданың мәре сызығын кесу уақытын мұқият қадағалап, жүзден жүзірік, мыннан тұлпарларды анықтады.  
 – Командамыз өте жақсы өнер көрсетті. Осымен үшінші жыл қатарынан 10 кезеңді жүгіреміз. Үнемі бірінші кесіп өтетіміз мәре сызығын. Біз жарысқа тек бірінші орынды алу үшін келеміз. Әр замандасымды спортпен айналысуға шақырамын. Спорт – денсаулық кепілі, – дейді Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжінің II курс

72-демің. Зейнеткермін. Қыста шаңғы тебемін, үстел теннисін де ойнаймын. Эстафета өте жинақы өтті. Ұйымдастырушыларға мың алғыс, – деді Төлеутай Жаманбек.  
 Спорттың «Жеңіл атлетика» деп аталатын бұл түрі Қарағандыда жақсы дамып келеді. Бірақ, ол ешқашан жеңіл болмаған. Сөре мен мәреңні арасындағы мүмкіндік қаншама ерік-жігерді, қайрат пен табандылықты талап етеді. Осы жолғы эстафетаға қатысқандар арасында мүмкіндігі шектеулі спортшылардың болуы бізді осындай ойға жетеледі. Жігер болса, мүмкіндік шектелмейді екен.  
 Суреттерді түсірген **Александр МАРЧЕНКО**

• ВОЛЕЙБОЛ

# Тартысты ойында топ жарды

Екі мәрте Кеңес Одағының батыры Талғат Бигелдинов атындағы Қарағанды әскери мектеп-интернатында әскери құрылымдардың арасында волейболдан жарыс өтті. Жарыс Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығы мен Рейхстагқа Ту тіккен Кеңес Одағының батыры Рақымжан Қошқарбаевтың құрметіне арналды.

Аталған додаға Орталық аймағының әскери прокуратурасы, Қарағанды облысының полиция департаменті, ІІМ Ұлттық ұланның «Орталық» өңірлік қолбасшылығы, Әскери тергеу басқармасының Әскери полициясы, Қарулы күштер Әскери полициясы, Қарулы күштері әскери бөлімдері, ТЖД, «ЖАС ҰЛАН» әскери мектебі «Астана» өңірлік қолбасшылығының құрамымен жалпы есепте 10 құрама командасы қатысып, бақ сынасты.  
 Екі күнге созылған кездесулерде әскерилер бар ынтасын салып, бірінен-бірі

асуға тырысып, тартысты ойын көрсетті. Ширек финалда әскери прокуратура, «Орталық» өңірлік қолбасшылығы, «Астана» өңірлік қолбасшылығының спортшылары кездесіп, өзара мықтыны анықтады.  
 Шешуші сәтте басымдықпен алға озып, «Астана» мен «Орталық» өңірлік қолбасшылығының құрамы финалға шықты. Алғашқы бөлім 1:1 есебімен тең аяқталса, екінші бөлімде Ұлттық ұлан «Орталық» өңірлік қолбасшылығының жеке құрамы намысын қайрап, айқын басымдықпен жеңіс тұғырынан көрінді.

Ал, «Астана» өңірлік қолбасшылығы II орынға, III орынға «Орталық» аймағының әскери прокуратурасы ие болды.  
 Жеңімпаздарды «Орталық» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы, генерал-майор Сәкентай Шекарбеков, Орталық аймағының әскери прокуроры полковник Данияр Жұмәділов пен «Астана» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы полковник Ержан Ибраев марапаттап, Отан қорғаушылар күні һәм Ұлы Жеңіс күнімен құттықтады.  
 Мұндай спорт бәсекесі сарбаздардың рухын көтеріп, өзара татулыққа, ынтымаққа жетелейді.



Өз тілшімізден  
 Сурет ұйымдастырушылардан

Оқырман назарына!  
 Газеттің келесі саны 11 мамыр, сенбі күні шығады

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
 Караганды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Сағуақа Ақрағат» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІДА**  
 Сайт редакторы – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МҮСАБЕК**  
 Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**  
 Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**  
 Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
 Бас редактор: 43-38-53  
 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
 Жауапты хатшы: 43-49-72  
 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
 Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерлер: 8-702-293-13-70  
 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
 Теміртау, Саран, Шақтин, Абай,  
 Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VRY00030163 кәуәлігі берілді.  
 Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
 Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
 Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
 БИК KСJБKZXX БИН 000840001412  
 Таралымы 5 508

№ 50 тапсырыс. Индекс 65484  
 Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
 «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15.**  
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**  
 Кезекші редактор **Салтанат ШИЯШ**

Газет жеткізілмесе  
 41-26-82, 43-57-88  
 телефонна хабарласыңыздар.